

**«Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім
КГУ «Централизованная библиотечная система города Павлодара»
Информационно-библиографический отдел**



**Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер**

**Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2026 год**

**Павлодар
2025**

**«Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім
КГУ «Централизованная библиотечная система города Павлодара»
Информационно-библиографический отдел**



***Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер***

***Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2026 год***

**Павлодар
2025**

Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер. - Павлодар,
2025. – 59 б.

Құрастырған / составитель: Г. Қ.Ахметова
Редактор: А. Қ. Бораналинова

АЛҒЫ СӨЗ

Сіздің қолыңызда күнтізбенің кезекті басылымы. Жыл сайын ОҚК ақпараттық-библиографиялық бөлімі «Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» / «Знаменательные и памятные даты Павлодарской области на 2026 год» ұсыным көрсеткішін шығарады.

2026 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 35 жыл толады. Ертістің Павлодар өңірінде де айтулы оқиғалар аз емес. Біз 2026 жылы ғалым, драматург, жазушы, журналист және қоғам қайраткері К. Кеменгеровтің 130 жылдығын, әнші, актер К. Кенжетаевтың, актер әрі режиссер Е.И. Еникеевтің, ғалым-биохимик, биология ғылымдарының докторы, профессор Н. А. Будчановтың және ҚазССР-інің еңбек сіңірген дәрігері Я.Я. Фрезенің 110 жылдығын атап өтеміз. Біз әрдайым жерлес Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ерлігін жадымызда сақтаймыз. 2026 жылы Кеңес Одағының Батыры К. А. Семенченконың 130-жылдығын, Кеңес Одағының Батыры Қ. М. Сұрағановтың 105-жылдығын, Даңқ Орденінің толық кавалері, Павлодар қаласының құрметті азаматы П. В. Пешиннің 100 жылдығын атап өтпекпіз.

«Күнтізбеге» өлке тарихын дамытуға, насихаттауға және оқып-үйренуге өлшеусіз үлес қосқан өлкетанушылардың мерейтойлары енгізілді. Олар: педагог, өлкетанушы және табиғат зерттеушісі А.Н. Седельниковтың 150 жылдығы, Б.М. Хазыровтың 100 жылдығы, М. К. Гапонның 100 жылдығы, Э.Д. Соколкиннің 90 жылдығы.

Сондай-ақ «Күнтізбеге» облысымызда білім беру, мәдениет, ғылым мен әдебиетті дамытуға зор үлес қосқан біздің жерлестеріміздің мерейтойлары енгізілді. Олар: ғалым филолог, профессор Е. Өтебаевтың 100 жылдығы, актер және ҚазКСР еңбек сіңірген артисі И. Г. Чистяковтың 100 жылдығы, мүсінші И. Лопатиннің 100 жылдығы, педагог, музыкатанушы және сазгер Н. Г. Шафердің 95 жылдығы, актер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері А. Н. Михейчевтің 95 жылдығы, жазушы С. Шәкібаевтың 100 жылдығы.

Басылымның басты мақсаты: кәсіби мамандар мен оқырмандардың барлық санатына білімнің барлық салалары бойынша, қоғамдық және саяси өмір, қоғамдық ғылымдар мен кітапханалық іс бойынша барынша нақты сараланған ақпарат ұсыну. Оның көмегімен кітапханаларда, мектептерде, клубтар мен өзге де мәдениет мекемелерінде түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлау ыңғайлы болады.

«Күнтізбе...» отандық және әлем тарихын еске алуға мүмкіндік береді, қазақстандық және әлемге танымал әдебиет, өнер, ғылым мен техниканың ірі қайраткерлері туралы баяндайды. Көрсеткіш материалдары бірнеше бөлімде жүйеленген. Олардың тізімі көрсеткіш мазмұнында берілген.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін «Күнтізбе...» «Күнтізбеде берілген павлодарлық есімдердің алфавиттік көрсеткішімен» қамтылған.

Әрбір материалдың басында белгілі тұлғаның туғанынан бері өткен немесе сол не басқа оқиғамен байланысты атаулы күннің жыл саны көрсетілген.

Даталар мен қажетті мәліметтерді анықтау үшін анықтамалық-библиографиялық аппарат пен Орталық қалалық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды.

«Күнтізбе...» Павлодар қаласы ОКЖ сайтында орналастырылған, бұл оның мазмұнына барлық пайдаланушылардың шұғыл жүгінуіне мүмкіндік береді.

Құрастырушылар оқырмандардан көрсеткіш туралы өз ұсыныстары мен тілектерін білдіруді сұрайды.

Электрондық мекенжай: cbs.ibo@mail.ru

Сайт: cbspvl.kz

Павлодар қ., С.Торайғыров көш., 44 / 1

Орталық қалалық кітапханасы

Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Тел.: 53-38-80

Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер хронологиялық көрсеткіші

Қазақстан Тәуелсіздігіне 35 жыл

Қаңтар

1 қаңтар	Павлодарда №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ашылғанына 70 жыл (1956)
1 қаңтар	Ертіс аудандық «Ертіс нұры» газетінің алғашқы саны жарық көргеніне 35 жыл (1991)
4 қаңтар	Славян мәдени орталығының құрылғанына 30 жыл (1996)
12 қаңтар	тарихи-өлкетанушы, Павлодар қаласының құрметті тұрғыны, Қазақстанның құрметті мәдениет қызметкері Э. Д. Соколкиннің туғанына 90 жыл (1936-2021)
13 қаңтар	әдебиетші, музыкатанушы, композитор, профессор, ҚР-ның Еңбек сіңірген қайраткері, Павлодар облысының құрметті тұрғыны Н. Г. Шафердің туғанына 95 жыл (1931-2022)
16 қаңтар	журналист С. Әйтеновтің туғанына 80 жас (1946)
17 қаңтар	әнші, ҚР-ның Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Н. Әділбековтің туғанына 80 жас (1946)
28 қаңтар	өлкетанушы, Ұлы Отан соғысының ардагері М. Гапонның туғанына 100 жыл (1926-2013)
30 қаңтар	Д. П. Багаев атындағы мұражай-үйінің ашылғанына 25 жыл (2001) http://cbspvl.kz/projects/Muzei/index.html
30 қаңтар	Майра Шамсутдинова атындағы ән шығармашылығы мұражайының ашылғанына 25 жыл (2001) http://cbspvl.kz/projects/Muzei/index.html
қаңтар	орыс саяхатшысы, табиғат зерттеуші, Баянауыл флорасы мен Ертіс жайылымын зерттеген ғалым Г.С. Карелиннің туғанына 225 жыл (1801-1872)
қаңтар	Павлодарда әуе сапаржайының қолданысқа берілгеніне 65 жыл (1961)

Ақпан

1 ақпан	Павлодар ЖЭС-2-нің алғашқы кезегі іске қосылғанына 65 (1961)
4 ақпан	композитор, педагог, Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Павлодар қаласының құрметті азаматы М.Н. Пульганың туғанына 90 жас (1936)
6 ақпан	актер, ҚазССР-інің Еңбек сіңірген әртісі, Ұлы Отан соғысының ардагері И.Г. Чистяковтың туғанына 100 жыл (1926-1995)
7 ақпан	Павлодар ауданы Розовка ауылында облыстағы алғашқы «Арман» атты отбасы типіндегі балалар ауылының ашылғанына 25 жыл (2001)
8 ақпан	Павлодар қаласында алғашқы балабақшаның ашылғанына 105 жыл (1921)
8 ақпан	ғалым-филолог, профессор Е. Өтебаевтың туғанына 100 жыл (1926-1999)
12 ақпан	техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР-ның Еңбек сіңірген ғылым қайраткері А.Д. Фрезоргердің туғанына 85 жас (1941)
21 ақпан	Н.Г. Шафердің мұражай үйінің ашылғанына 25 жыл (2001) http://cbspvl.kz/projects/Muzei/index.html
24 ақпан	журналист Х. Қарпықовтың туғанына 75 жыл (1951)
25 ақпан	әнші, актер, ҚазКСР-інің халық әртісі К.К. Кенжетаевтың туғанына 110 жыл (1916-2008)

Наурыз

1 наурыз	Павлодар қаласында телевизия орталығы құрылысының басталғанына 65 жыл (1961)
4 наурыз	Павлодар трактор зауытының құрылғанына 60 жыл (1966)
8 наурыз	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген мұғалімі Р.Б. Нұртазинаның туғанына 105 жыл (1921-2013)

- 9 наурыз мүсінші **И.П. Лопатиннің** туғанына 100 жыл (1926-1993)
- 9 наурыз **Павлодар облыстық филармониясына Иса Байзақов есімі** берілгеніне 55 жыл (1971)
- 11 наурыз актер, ҚазССР-інің Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері **А.Н. Михейчевтің** туғанына 95 жыл (1931-2007)
- 26 наурыз суретші **А.М. Дьячковтың** туғанына 100 жыл (1926-2001)
- наурыз Усолка мөлтек ауданында **№3 қалалық емхананың** ашылғанына 20 жыл (2006)

Сәуір

- 1 сәуір **Павлодар облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының** ашылғанына 75 жыл (1951)
- 2 сәуір жергілікті композитор, дирижер **В.С. Ширинкиннің** туғанына 90 жыл (1936-2001)
- 4 сәуір **Коряков станицасы жанадан құрылып, Павлодар қаласы** болғанына 165 жыл (1861)
- 14 сәуір әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚазССР-інің Еңбек сіңірген мұғалімі **Б. Шалабаевтың** туғанына 115 жыл (1911-1990) / басқа әдебиеттерде туған күні 17 сәуір
- 17 сәуір ғалым-биохимик, биология ғылымдарының докторы, профессор **И.А. Будчановтың** туғанына 110 жыл (1916-1985)
- 18 сәуір жазушы, драматург, педагог, аудармашы **З. Акышевтың** туғанына 115 жыл (1911-1991)
- 21 сәуір Павлодар қаласының солтүстік-батыс шеті «**Қаздар қонысы**» республикалық маңызы бар табиғат ескеркіші болып жарияланғанына 55 жыл (1971)
- 28 сәуір тау-кен саласындағы орыс ғалымы, Екібастұз көмір бассейнінің кен орындарын зерттеуші **Н.И. Трушковтың** туғанына 150 жыл (1876-1947)

Мамыр

- 10 мамыр актер, режиссер **Е.И. Еникеевтің** туғанына 110 жыл (1916-1995)
- 14 мамыр суретші **Н. П. Петерштін** туғанына 80 жыл (1946-1994)
- 14 мамыр жергілікті композитор, педагог **В.И. Ботовтың** туғанына 90 жас (1936)
- 15 мамыр милиция генерал-майоры, ҚР-інің Еңбек сіңірген қызметкері **М. Д. Дүйсеновтің** туғанына 110 жыл (1916-1976)
- 19 мамыр 1979-1989 жылдар аралығында **Ауғанстанда әскери борышын өтеген жауынгерлердің ескерткіші** ашылғанына 25 жыл (2001)
- 21 мамыр **С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың** құрылғанына 130 жыл (1896)
- 21 мамыр дәрігер-хирург, «ҚР-ның Еңбек сіңірген денсаулық қызметкері», КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі **З.Н. Раздорскаяның** туғанына 85 жас (1941)
- 25 мамыр Кеңес Одағының Батыры **Қ.М. Сұрағановтың** туғанына 105 жыл (1921-2008)
- 25 мамыр С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры (1985-2015), ҚР-ның Еңбек сіңірген қызметкері **М.А. Жиенбаеваның** туғанына 70 жас (1956)
- мамыр Павлодар қаласында **Юрий Гагарин атындағы парктің** ашылғанына 50 жыл (1976)

Маусым

- 1 маусым кітапхана қызметкері, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Н.Г. Касьянның** туғанына 90 жыл (1936-2000)
- 1 маусым **Есеп-экономикалық техникумының (қазіргі Павлодар технологиялық колледжі)** негізі қаланғанына 55 жыл (1971)
- 5 маусым балетмейстер, ақын, жазушы, драматург, Қазақстан хореографтары Кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері **Д. Нақыповтың** туғанына 80 жыл (1946-2021)

- 10 маусым кітапхана ісінің ардагері, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Т. Р. Рахманқұловтың** туғанына 105 жыл (1921-1994)
- 19 маусым **Ақсу-Дегелен темір жолының** қолданысқа берілгеніне 25 жыл (2001)
- 22 маусым Бұрынғы **кешкі құрылыс техникумның (Павлодар монтаждау колледжі)** құрылғанына 70 жыл (1956)

Шілде

- 3 шілде Кеңес Одағының батыры **К.А. Семенченконың** туғанына 130 жыл (1896-1965)
- 12 шілде **Павлодар облыстық кітапханасына** көрнекті қазақ ақыны **Сұлтанмахмұт Торайғыровтың** есімі берілгеніне 30 жыл (1996)
- 12 шілде **Облыстық гимназия-интернатына** ағартушы, ұстаз, фольклортанушы, этнограф, қоғам қайраткері **Ыбырай Алтынсаринның** есімі берілгеніне 30 жыл (1996)
- 12 шілде Ақтоғай ауданы **Жаңаталап орта мектебіне** еңбек сіңірген мұғалім, аудандағы тұңғыш мектептің негізін қалаушы **Хасен Шаяхметовтің** есімі берілгеніне 30 жыл (1996)
- 14 шілде **облыстық онкологиялық диспансердің** құрылғанына 75 жыл (1951)
- 15 шілде жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, журналист, Алаш қайраткері **Қ. Д. Кемеңгеровтың** туғанына 130 жыл (1896-1937)
- 15 шілде тарихшы, өлкетанушы, жазушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Павлодар облысының құрметті тұрғыны **Б.М. Хазыровтың** туғанына 100 жыл (1926-2021)
- 15 шілде журналист **Н. Марчевскийдің** туғанына 80 жыл (1946-2003)
- 18 шілде Павлодар **көлік және байланыс колледжінің (бұрынғы теміржол көлігінің техникумы)** ашылғанына 45 жыл (1981)
- шілде «**Пойма**» мүгедектердің әдеби бірлестігі құрылғанына 30 жыл (1996)

Тамыз

- 6 тамыз Павлодар облысында «**Жұлдызды Жасыбай**» ретрофестивалінің алғашқы ашылуы өткеніне 15 жыл (2011)
- 10 тамыз **Қазақстан комсомолы 25 жылдығы атындағы қалалық бақтың** ашылуына 80 жыл (1946)
- 20 тамыз ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Павлодар қаласының құрметті азаматы **Т. Қайырбековтің** туғанына 95 жыл (1931-2012)
- 26 тамыз орыс ботанигі, географ, Ертіс жағалауын зерттеуші **С. И. Коржинскийдің** туғанына 165 жыл (1861-1900)
- 28 тамыз ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **С. Т. Түсіпбековтің** туғанына 90 жас (1936)
- 30 тамыз орыс табиғат зерттеушісі, педагог, өлкетанушы **А. Н. Седельниковтың** туғанына 150 жыл (1876-1919)
- 30 тамыз Павлодар қаласындағы Мемлекеттік Рәміздер Алаңында **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы** көтерілгеніне 15 жыл (2011)
- тамыз **Павлодарда №2 қалалық аурухана** ашылғанына 65 жыл (1961)

Қыркүйек

- 1 қыркүйек қылқалам шебері, педагог **Ф.В. Яциктің** туғанына 70 жас (1956)
- 3 қыркүйек суретші **В.Е. Овчинниковтың туғанына** туғанына 75 жыл (1951-1996)
- 3 қыркүйек педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚазКСР халықтық білім беру үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері **Ғ.М. Кертаеваның** туғанына 80 жас (1946)
- 6 қыркүйек Павлодарда **орталық сөйлесу пункті** ашылғанына 55 жыл (1971)
- 6 қыркүйек Павлодар қаласындағы **синагоганың (Қазақстандағы бесінші)** ашылғанына 25 жыл (2001)
- 12 қыркүйек Шарбақты аудандық «**Трибуна**» газетінің алғашқы саны шыққанына 95 жыл (1931)

- 13 қыркүйек журналист, өлкетанушы, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы **П.И. Оноприенконың** туғанына 90 жыл (1936-2010)
- 15 қыркүйек «**Қ. И. Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамның**» ашылғанына 30 жыл (1996)
- 21 қыркүйек Павлодар қаласындағы Бас мешіт – **Мәшһүр Жүсіп мешітінің** ашылғанына 25 жыл (2001)
- 26 қыркүйек Облыстық «Қызыл Ту» газетінің «**Сарыарқа самалы**» болып өзгертілгеніне 35 жыл (1991)
- 27 қыркүйек жазушы, екінші Ұлы Отан соғысының қатысушысы **С. Шәкібаевтың** туғанына 100 жыл (1926-1999)
- 30 қыркүйек Павлодар облысының логотипі (таңбасы) бекітілгеніне 15 жыл (2011)

Қазан

- 1 қазан Павлодар кітапханасының аға қызметкері, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген кітапханашысы **М. Н. Пахомованың** туғанына 105 жыл (1921-2010)
- 1 қазан педагог-балейтмейстер, доцент, ҚР театр қызметкерлері Одағының мүшесі **Ж.Н. Қапесовтің** туғанына 80 жас (1946)
- 3 қазан павлодарлық «**Версия**» газетінің алғашқы саны жарыққа шыққанына 30 жыл (1996)
- 4 қазан ақын, әдебиетші, аудармашы, сценарист, ҚР-ның Еңбек сіңірген қызметкері **Б.М. Қанапияновтың** туғанына 75 жас (1951)
- 10 қазан режиссер, актер және драматург **Ә. Қ. Қалиевтің** туғанына 95 жыл (1931-1991)
- 15 қазан ғалым-физиолог, биология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі **Қ. Д. Дүйсембиннің** туғанына 95 жыл (1931)
- 15 қазан хирург-онколог, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген дәрігері **А.А. Сүлейменовтің** туғанына 110 жыл (1916-1998)
- 16 қазан педагог, ҚазССР-інің халық ағарту ісінің үздігі, және Еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері **А. К. Новокшановтың** туғанына 100 жыл (1926-2001)
- 23 қазан **Ермак кентінің (қазіргі Ақсу к.)** қала болып құрылғанына 65 жыл (1961)
- 25 қазан теоретик-музыкатанушы, КСРО композиторлары Одағының мүшесі, өнертану кандидаты **Қ.Т. Жүзбасовтың** туғанына 85 жыл (1941-1995)

Қараша

- 1 қараша **Павлодар педагогикалық колледжіне** ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі **Бейсен Ахметовтің есімі** берілгеніне 30 жыл (1996)
- 2 қараша ғалым-филолог, әдеби сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, әдебиеттанушы **Қ.П. Жүсіптің** туғанына 85 жыл (1941-2019)
- 5 қараша ҚазССР-інің Еңбек сіңірген дәрігері, ҰОС қатысушысы, Павлодар қаласының құрметті азаматы **Я.Я. Фрезенің** туғанына 110 жыл (1916-1993)
- 7 қараша Кеңес Одағының батыры **Д.К. Потаповтың** туғанына 115 жыл (1911-1974)
- 11 қараша суретші **Қ.Қ. Баймолдиннің** туғанына 80 жас (1946)
- 11 қараша Баянауыл ауданында **Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі** ашылғанына 20 жыл (2006)
- 14 қараша ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, инженер Академиясының академигі **Ғ. Уәлиевтің** туғанына 85 жас (1941)
- 15 қараша ҰОС қатысушысы, Даңқ орденінің толық Кавалері, Павлодар қаласының құрметті азаматы **П.В. Пешиннің** туғанына 100 жыл (1926-2002)
- 15 қараша Павлодарда **Шахмат үйінің** ашылғанына 40 жыл (1986)
- 28 қараша Павлодар қаласында **Халыққа қызмет көрсету орталығының** ашылғанына 20 жыл (2006)

- қараша Павлодар қаласындағы **қазіргі теміржол сапаржайының** ашылғанына 45 жыл (1981)
- қараша Павлодарда **этномәдени бірлестіктер аллеясының** ашылғанына 15 жыл (2011)
- Желтоқсан**
- 6 желтоқсан суретші, графикші **В.В. Яциктің** туғанына 80 жас (1946)
- 12 желтоқсан мұғалім, Қазақ КСР-нің Еңбек мұғалім, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі **Е.Т. Қалдановтың** туғанына 115 жыл (1911-1992)
- 15 желтоқсан медицина ғылымының докторы, профессор **Х.К. Сәтбаеваның** туғанына 105 жыл (1921-2016)
- 16 желтоқсан медицина ғылымдарының докторы **Р.Ә. Сәтбаеваның** туғанына 110 жыл (1916-1986)
- 16 желтоқсан ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Ертіс ауданының Құрметті азаматы **Қ.А. Шәкіровтің** туғанына 80 жас (1946)
- 25 желтоқсан ғалым-химик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Ә.Б. Бектұровтың** туғанына 125 жыл (1901-1985)
- желтоқсан Ленпаркте **Чернобыль атом станциясындағы апатты жоюға қатысушылар ескерткішінің** ашылғанына 20 жыл (2006)

Айы мен күні белгісіз Павлодар облысының еске алынатын және аталып өтілетін күндер тізімі

- Ямышево бекінісінің ірге тасын қалаған орыс саяхатшысы **И. Д. Бухгольцтың** туғанына 355 жыл (1671-1741)
- Атақты би **Қазанғап Сатыбалдыұлының** туғанына 255 жыл (1771-1856)
- Баянауыл ауылының** құрылғанына 200 жыл (1826)
- Халық композиторы, ақын-импровизатор **Жарылғапберді Жұмабайұлының** туғанына 175 жыл (1851-1914)
- Павлодар қаласының алғашқы Құрметті азаматы, бірінші гильдия көпесі, қамқоршы меценат, жанашыр, қоғам қайраткері **А. И. Деровтың** туғанына 170 жыл (1856-1921)
- Ұстаз, аудармашы, қоғам қайраткері, диплом алған тұңғыш қазақ дәрігерлерінің бірі және Павлодар облысында дәріхана ісін ұйымдастырушы **Ә. Д. Айтбакинның** туғанына 165 жыл (1861-1919)
- Қазақ ағартушысы, филолог **Ә. З. Сәтбаевтың** туғанына 145 жыл (1881-1937)
- Ақын, жырау **Б. Меркемелиденовтің** туғанына 135 жыл (1891-1963)
- Әнші, домбрашы, композитор, артист, балуан **Б. Жылқыбаевтың** туғанына 130 жыл (1896-1977)
- Публицист, мемлекеттік және қоғам қайраткері **М. Саматовтың** туғанына 130 жыл (1896-1938)
- Халық әншісі **Б. Балабековтің** туғанына 125 жыл (1901-1979)
- Қоғам қайраткері, жазушы, журналист **К. Қуанышевтың** туғанына 120 жыл (1906-1946)
- Павлодар қаласындағы қазақ театрының тұңғыш актрисасы **Н. Б. Бекованың** туғанына 115 жыл (1911)
- Фотограф-өлкетанушы **К.Т. Касивановтың** туғанына 110 жыл (1916-2006)
- Актриса, балерина және педагог **М. Байзақованың** туғанына 100 жыл (1926-1988)
- Әнші, киноактриса, поэтесса, музыкант **Х. Әбуғалиеваның** туғанына 100 жыл (1926)
- Павлодар облыстық мамандандырылған балалар үйінің** ашылғанына 80 жыл (1946)
- Павлодар облысы **санитарлық-эпидемиологиялық станциясының** негізі қаланғанына 75 жыл (1951)
- Павлодарда **топырақты эрозиядан қорғау тәжірибе станциясының** құрылғанына 70 жыл (1956)
- Павлодарда **КАЗИО өндірістік көркем артельдерінің, шеберханалардың** құрылғанына 70 жыл (1956)
- Павлодар нан зауытының** құрылғанына 65 жыл (1961)
- Жасыбай көлінің жағасында «**Баянауыл**» **туристік базасы** ашылғанына 65 жыл (1961)
- Павлодарда облыстық балалар аруханасы** ашылғанына 60 жыл (1966)

Ермак мәдени-ағарту училищесінің (қазіргі Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжі) ашылғанына 60 жыл (1966)

ПКТИАМ-ның құрылғанына 60 жыл (1966)

Павлодар ауыл техникумының ұйымдастырылғанына 55 жыл (1971)

«Ертіс-Қарағанды» каналының жұмыс қатарына қосылғанына 55 жыл (1971)

Павлодар қаласындағы **«Энергетик» сауықтыру шипажайының** ашылғанына 45 жыл (1981)

Трактор жасаушылар Сарайының **халықтық хоры** құрылғанына 45 жыл (1981)

Павлодар машина жасау зауытының (жөндеу-механикалық базасында) құрылғанына 35 жыл (1991)

Павлодарда **«Нептун»** сауықтыру кешендерінің эксплуатацияға енгізілгеніне 35 жыл (1991)

Есірткі мәселелерінің әлеуметтік-медициналық республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының ашылғанына 25 жыл (2001)

Павлодар облысындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының кіші қанаты құрылғанына 25 жыл (2001)

Қылдыкөл үңгірінде **Исабек Ишан Хазіреттің кесенесі** салынғанына 15 жыл (2011)

«Павлодар облысында 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбесіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі

4 қаңтар

Славян мәдени орталығы құрылғанына 30 жыл (1996)

Славян мәдени орталығы қоғамдық бірлестігі 1996 ж. 4 қаңтарда тіркелген. Орталық төрайымы – Т. И. Кузина, ресейлік отандастардың Халықаралық Басқарма Кеңесінің мүшесі, Халықаралық әйелдер кеңесінің жетекшісі, ресейлік отандастардың Бүкіләлемдік кеңесінің мүшесі, облыстағы орыс мәдениеті бойынша Ассамблеяның кеңесшісі.

Орталық жұмысының мақсаты – этникалық болмыс, мәдениет, ҚР-дағы славян тілдерін сақтау, славян халықтарын рухани дамыту, демократияны дамыту және нығайту мәдени, әлеуметтік және экономикалық құқықтар мен бостандықтарды іске асыру және қорғау, көркем шығармашылықты дамыту, мәдени-ағарту және спорттықсауықтыру жұмыстарын жүргізу, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау отансүйгіштік және гуманистік тәрбие беру қайырымдылық жұмыс, ҚР халықтары арасында бейбітшілік пен достықты нығайту.

Орталықта 20-дан астам шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Ауыз әдебиетін сүйушілерге «Славянки» және «Лада» ансамбльдері жұмыс істейді. Үлкен жастағы адамдарға «Рябинушка» ансамблі, «Соседушки» халықтық фольклорлы ансамблі бар. Барлық ұжымдар – қалалық саябақта өтетін дәстүрлі Ресей Күнінің белсенді қатысушылары мен ұйымдастырушылары.

Орталықта «За чашечкой чая» пікір алмасу клубы мен «Я вас люблю» әйелдер клубы жұмыс істейді. Клубтарда Ертістің Павлодар өңіріндегі қызықты адамдар мен Ресейден келген қонақтармен кездесулер өтеді.

Орталықта жастар Кеңесі айтарлықтай жұмыс атқарады. Жастарға арналған көптеген клубтар мен бірлестіктер бар: «Зодиак» киноклубы, «Павлодарский городок» миниатюралар театры, «Раздолье» би ансамблі, «Северная башня» тарихи сайыс клубы және т.б. Орталықтың міндеті – орыс мәдениетін, салттары мен халықтық кәсіпті сақтау және насихаттау. Күнделікті өмірде және дәстүрлі мерекелерді өткізген кезде (Масленица, Троица, Славян жазбасы мен мәдениетінің күні) Славян орталығы облыстың айтарлықтай бөлігін біріктірген.

РФ Сыртқы істер министрлігі және Қазақстандағы Ресей елшілігімен тығыз жұмыс жасай отырып, орталық басқармасы әрдайым заңнамалық өзгерістерден хабардар болып тұрады, РФ-ның демалыс лагерьлеріне балаларды, соғыс ардагерлерін ресейлік шипажайларға, орыс тілінде оқытатын ұстаздарды Омбы қаласындағы жетілдіру курстарына жіберуге мүмкіндігі бар. Орталық Қазақстан орыс мектептерінің Ассоциациясына кіреді. 2003 жылы Ресей үкіметі әртүрлі пәндер бойынша көптеген әдістемелік әдебиеттерді сыйға тартты, ол мектептерге үлестірілді. Елшілікпен бірлесе отырып, Орталық дәстүрлі түрде журналистерге орыс халқының мәдениетін ең үздік насихаттауға байланысты байқау өткізеді.

2002 ж. Славян орталығында Мәскеу үкіметімен тығыз қарымқатынас орнады, 2003 ж. ол халықаралық ресейлік отандастар кеңесінің құрамына кірді.

2005 ж. Славян орталығы ЮНЕСКО-ның мұражайтану Қорымен бірегей мәдени нысан болып танылды. 2008 ж. РФ-ның Сыртқы істер министрлігі жыл қорытындысы бойынша Павлодар облысының Славян мәдени орталығын ТМД арасындағы туыстас қоғамдық мекемелер арасынан үздік деп таныды.

Орталық басқармасы таяу және қиыр шетелдегі отандастармен байланысты нығайтты, олармен хат, ақпарат және жоспарлармен алмасып тұрады. Әр кездері жұмысты қолдауға РФ халық әртісі, кинорежиссер В. Хотиненко, халық жыршысы Е. Сапогова, РФ халық әртістері Е. Миронов, Н. Емелин, В. Конкин, С. Газаров және т.б. келді.

Орталық беделді түрде орыс мәдениетін, насихаттап, Қазақстан халқының нығаюына айтарлықтай үлесін қосуда.

Әдебиеттер:

Есімханова А. Кемелденген бірлестік: [Славян мәдениеті орталығына - 15 жыл] // Сарыарқа самалы. - 2011. - 30 сәуір. - 4 - 5 б.

Қабылденова Қ. Көршілес ел құрметі: [РФ Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі М. Бочарников павлодарлық зиялы қауым өкілдерімен кездесті] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 12 тамыз. - 2 б.

Григорьева О. Жазушы Анастасия Цветаеваның музейі / О. Григорьева; орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // Мәдени мұра. - 2018. - № 4. - 48 - 49 б.

12 қаңтар

Эрнест Дмитриевич Соколкиннің туғанына 90 жыл (1936-2021)

Тарихшы-өлкетанушы, Қазақстанның Құрметті қоғам және мәдениет қайраткері, Павлодар қаласының құрметті тұрғыны. Ол Псков облысының Себеж қаласында туған.

1958 жылы әскерден кейін Павлодарға келіп, 1958-1967 жылдары қалалық радиоторабында жұмыс істеген. 1967 жылы Томск университетінің тарих-филология факультетін сырттай бітіріп, тарих мамандығы бойынша жұмыс істеген.

1967 жылдан облыстық Г. Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының қызметкері болып істеген. Алғашқы кезде аға қызметкер, кейін мұражай директоры қызметін атқарды. 1968 жылдан бас қор сақтау қызметкері, 1990-1994 жж. директордың ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, 1994 ж. мұражай қорының бас қызметкері болды.

Э. Д. Соколкин 30 жылдан астам Павлодар өңірінің тарихын зерттеумен шұғылданды. Зерттеу жұмысының арқасында осы өңірде болған тарихи оқиғалар, жергілікті атақты адамдар туралы көп материалдар жинақтаған. Ол өлкетану құжаттарын жинап сақтады, сонымен қатар жергілікті мерзімді басылымдар беттерінде және Омбы, Семей, Тула, Алматы мен Мәскеуде «Нива», «Советский музей», «Земля и люди» жинақтарында мақалалары жарық көрген.

Өлкетану мақалалары үшін облыстық журналистер одағының сыйлығымен марапатталды. Байланыс, білім салаларында және оқушылар сарайының мұражайларын ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Сонымен қатар Вс. Иванов, Д. Багаев, С. Торайғыров және т.б. мемориалды тақталарын орнатуда көп жұмыс жасады. «Павлодар» (1982), «Знакомьтесь, Павлодар», «Қаламыздың көшелері = Улицы нашего города» атты анықтамалықтардың құрастырушысы. Облыстағы және қаладағы белгілі тұлғаларға арналған еңбектер жазған.

Әдебиеттер:

Ақсудың ақ жолы=Светлый путь Аксу / Э. Д. Соколкин, В. М. Хохлова, Г. Н. Акшолова ж. б.; фото В. Панасюка, Ж. Сейтенова. - Амина, 2006. - 253 б.

Соколкин Э. Д. Қаламыздың көшелері=Улицы нашего города. - Павлодар, 2007. - 415 б.

Соколкин Эрнест Дмитриевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 660 б.

Мүсәйіп Қ. "Ертіс өңірінің шежірешісі": [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада өңірімізге танымал өлкетанушы Э. Соколкиннің 80 жылдығына арналған мерекелік кеш өткізді] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 16 қаңтар. - 12 б.

13 қаңтар

Наум Григорьевич Шафердің
туғанына 95 жыл (1931-2022)

Әдебиетші, музыкатанушы, композитор, ПМУ профессоры, ПМПИ оқытушысы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Павлодар облысының құрметті тұрғыны ол Бессарабия жерінде дүниеге келді. 1941 жылы отбасымен Қазақстанға жер аударған. Қазақ Мемлекеттік университетін тамамдаған. Осы жерде оқып жүргенде Е. Брусиловскиймен тығыз байланыста болған. Ол оған музыкамен айналысуға кеңес берген. Бірақ Н. Г. Шафер әдебиетті тандап алды.

Шығыс Қазақстан облысында, Целиноградта (қазіргі Нұр-Сұлтан), Павлодар қалаларының мектептерінде сабақ беріп, Павлодар педагогикалық институтында қызмет істеген.

1965 жылы Бруно Ясенский шығармашылығы негізінде кандидаттық диссертация қорғаған. «Русская гражданская поэзия за 100 лет» тақырыбындағы докторлық жұмысын дайындау кезінде «Кеңес мемлекетінің құрылысы туралы жалған мәліметтерді таратқаны үшін» бір жарым жылға сотталды. Тек, 1989 жылы ғана ақталған.

Көп жылдар бойы Дунаевскийдің өмірі және шығармашылығымен шұғылданып келген. 1988 жылы Мәскеуде «Дунаевский сегодня» атты кітабы жарық көрді. Ол И. Дунаевскийдің екі томдық хаттарын алғаш рет жарыққа шығарды. Көп жылғы қыруар жұмысының нәтижесі – «Исаак Дунаевский в гостях у Михаила Булгакова» атты күйтабағының шығуы. Зерттеу жұмыстарында М. Булгаковтың шығармашылығын насихаттау елеулі орын алады. Жазушының «Петр Великий» және «Рашель» драмалық шығармаларын алғаш рет жариялады.

Н. Шафер халықаралық Булгаков оқуларымен басқа да ғылыми конференциялардың міндетті қатысушысы болды. Авторлық әндерді жинақтаушы және зерттеуші. «Кирпичики» (Қалалық орыс әндерінің 100 жылдық /1850-1950/ антологиясы) күйтабағын шығарды. Жиырма мыңға жуық күйтабақтан тұратын бүкіләлемдік мәні бар туынды фонотекасын жинастырған.

Әдебиеттер:

Шафер Наум Григорьевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 730 б.

Әділбек А. Музыка - халықтың жаны: [Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, музыкатанушы, сазгер Н. Г. Шафер жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 1 мамыр. - 3 б.

Хашымқызы Қ. Өмірі өнермен өрнектелген: [Әдебиеттанушы, музыкатанушы, композитор әрі коллекционер Н. Г. Шафер 85 жасқа толды] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 16 қаңтар. - 12 б.

Мақұл У. Дарындарымен танылғандар: [Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, музыкатанушы, сазгер Н. Г. Шафер және жыршы, ақын Д. С. Әсенов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 4 маусым. - 8 б.

Хашымқызы Қ. Кітап - көзі ашыққа маржан: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада танымал коллекционер Н. Шафер мен ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі Ғ. Балтабай мерейлі 70 жасқа келді] // Сарыарқа самалы. - 2019. - 23 қазан. - 8 б.

Шафер Н. Г. Келешек ұрпаққа аманат: [белгілі музыкатанушы, әлемдегі жалғыз граммофон жазбаларын сақтаушы Н. Г. Шафермен сұхбат] / сұхбаттасқан Қ. Хашымқызы // Сарыарқа самалы. - 2021. - 9 қаңтар. - 7 б.

Хашымқызы Қ. Тағдырымыз таразыда тұрған еді: [белгілі музыкатанушы, әлемдегі жалғыз граммофон жазбаларын сақтаушы Н. Г. Шафердің отбасын 1941 ж. Молдова жерінен Қазақстанға депортация жасағаны туралы әңгіме] // Сарыарқа самалы. - 2021. - 25 қаңтар. - 16 б.

Шафер Н. Г. (Нахман Гершевич): [ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Павлодар облысының Құрметті азаматы, музыка зерттеушісі, композитор Н. Шафер өмірден өтті] // Сарыарқа самалы. - 2022. - 13 қазан. - 19 б.

Күйтабақтар мұражайы: [Павлодар қаласындағы Шафер мүзейі - еліміздегі күйтабақтар сақталған жалғыз орын] / Әзірлеген Айдана Боранбаева // Сарыарқа самалы. - 2024. - 14 наурыз (№ 11). - 19 б.

17 қаңтар

Нұрбек Әділбековтің
туғанына 80 жас (1946)

Әнші, халық өнерпазы, музыка аспаптарын жасаушы шебер, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. 1976 ж. Ж. Елебеков атындағы эстрада студиясын бітірген. 1984-1986 жж. Талдықорған облысы филармониясының әншісі, 1986-2000 жж. Құрманғазы атындағы консерватория жанындағы экспериментті шеберхананың шебері болып қызмет етті. 2001 жылдан бастап С. Торайғыров атындағы музыкалық шеберхананың меңгерушісі. Домбыра, қобыз, жетіген, қылқобыз, шертер, дауылпаз, асатаяқ, шаңқобыз, саз сырнай, сыбызғы т.б. бірегей қазақ музыкалық аспаптарын жасап шығарды.

Әдебиеттер:

Әділбеков Нұрбек // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 94 - 195 б.

4 ақпан

Михаил Николаевич Пульганың
туғанына 90 жас (1936)

Композитор, педагог, Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Павлодар қаласының құрметті азаматы. М. Н. Пульга Павлодар облысы Шарбақты ауданы Леонидовка ауылында туған. 1965 ж. Павлодар музыкалық училищесінің халық аспаптар бөлімін бітірген, маманы балалар музыка мектебінің оқытушысы.

1954-1955 жж. Шарбақты, үгіт бригадасының жетекшісі. 1955-1958 жж. Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1959-1962 жж. Шарбақты ауданының мәдениет үйінде көркемөнерпаздарға жетекшілік етті. 1962 жылдан Павлодар қаласында тұрады. 1962 ж. Затон клубында хор ұйымдастырды. 1965-1995 жж. Құрманғазы атындағы № 1 Павлодар музыка мектебінің педагогы. 1974-1980 жж. «Юность» ән және би ансамблінің көркемдік жетекшісі және хормейстері. 1968-1980 жж. Павлодар медициналық училищесінің студенттік хор жетекшісі. 1984 жылы «Пламя» ерлер ансамблін құрды. 1991 жылы ансамбльге «халық» атағы берілді. Ансамбль патриоттық әндерді орындағаны үшін республикалық байқауда 1-ші орынды иеленді және Минскідегі Бүкілодақтық байқауға қатысу құқығына ие болды, онда дипломант атағына ие болды, ал М.Н. Пульга оның жетекшісі ретінде «Жоғары кәсіби шеберлігі үшін» дипломын алды.

М. Н. Пульга павлодарлық ақындардың сөзіне жазылған 30-дан астам әннің авторы. 2015 жылы композитор Павлодар қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына және М. Н. Пульганың шығармашылық қызметінің 65 жылдығына арналған «Өмірі бойынша әнмен» ноталары бар алғашқы кәсіби әндер жинағын шығарды. Кітапқа композитордың кеңінен танымал шығармалары, жаңа әндер енді: «Біздің Қазақстан», «Ардагерлер», «Естелік», «Павлодар туралы ән» («По вечернему городу»), «Целинная сторона», «Павлодарские березки», «Гусиный рейс», «Есть такая земля».

«Тың жерлерді игергені үшін» белгісімен (1959 ж.), халық шығармашылығының I және II Бүкілодақтық фестивалінің медальдарымен (1971, 1987 ж.), ҚР Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен (1996 ж.), «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен (2001 ж.), «Целинаға 50 жыл» медалімен (2004 ж.) Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1990 ж.), Павлодар қаласының құрметті азаматы (2000 ж.) атағына ие болған.

Әдебиеттер:

Пульга Михаил Николаевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 613 б.

6 ақпан

Иван Григорьевич Чистяковтың
туғанына 100 жыл (1926-1995)

Актер, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі Иван Григорьевич Чистяков Ертіс ауданы Грабово ауылында әскери отбасында дүниеге келген. 1943 жылы Петропавл қаласының орта мектебін бітірді. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Әскерде қызмет атқару кезінде көркемөнерпаздықпен айналыса бастады. Закавказье әскери округінің ән және би ансамблінің солисті болған. Оның бүкіл өмірі А. П. Чехов атындағы облыстық драмалық театрмен тығыз байланысты. Театр сахнасындағы дебюті 1951 жылы Вадим Собконың «Бәрі басынан басталады» пьесасы бойынша қойылған спектакльде неміс коммунисті Кнорре ролінде өтті.

1955 жылдың қыркүйегінен 1961 жылдың мамырына дейін Чистяков Абай атындағы Семей драма театрының актері болып жұмыс істейді. Оның бұл театрдағы жұмыстары 1957 жылы «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің және Жоғарғы Кеңес Төралқасының грамотасымен марапатталған.

1961 жылдың мамырынан бастап Павлодар театрының сахнасында қайтадан өнер көрсетті. Актер 300-ден астам рөлді сомдады. Оның репертуарында классикалық және қазіргі заманғы орыс және шетел драматургиясының рөлдері болды. Ол комедиялық және трагедиялық кейіпкерлердің образдарын бірдей табыспен жасай алды.

Островскийдің «Белугиннің үйленуі» (П. Г. Белугин), И. Штоктың «Ленинградский проспект» (Скворец), К. Симоновтың «Орыс адамдары» (капитан Сафонов), Н. Погодиннің «Үшінші патетикалық», «Қара құстар» (Құмакин, Кормилицын), А. Арбузов «Таң атқан қала» (И. Жмельков), Г. Мүсірепов «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» (Қарабай), М. О. Әуезов және Л. Соболева «Абай» (Айдар) және т.б.

Актердің шығармашылығы жоғары азаматтылығымен, жоғары сенімділік дарынымен, үлкен сахналық мәдениетімен ерекшеленеді. Оның серіктестері Павлодар театрының сахнасында гастрольдік сапармен өнер көрсеткен көрнекті өнер қайраткерлері болды - Н. Мордвинов, И. Савина, В. Лановой, А. Кузнецов, Ю. Соломин, И. Смоктуновский.

Әртіс қоғамдық жұмысқа көп уақыт бөлді. 1972 жылы балалар паркінде қуыршақ театрын ашты, облыстық радиода актер Михаил Бушуевпен бірге «Сквозняк» сатирикалық журналын жүргізді. Ол өз көрермендерін шын жүректен сүйді, жастарға жақсы дос және тәлімгер болды. Көп жылдар бойы Павлодар театрының тарихын жазды.

Республиканың театр өнерін дамытуға сіңірген еңбегі және жоғары орындаушылық шеберлігі үшін 1978 жылы И. Г. Чистяковқа «Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағы берілді. 1981 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1986 жылы - Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Актер соңғы жылдары тұрған үйде (Киров к-сі, 39, Е. Бекмахановтың есімі өзгертілді) 2003 жылы мемориалдық тақта орнатылды.

Әдебиеттер:

Чистяков Иван Григорьевич // Ертістің Павлодар өңірі. энциклопедия. - Алматы, 2013. – 721 б.

Жайықбаев Н. Жай оғындай атылған...: [Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет е өнер музейінде Ертістің Павлодар өңірінен шыққан майдангер-жазушыларға көрме ұйымдастырылды] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 7 мамыр. – 24 б.

25 ақпан

Кәукен Кенжетаевтың туғанына 110 жыл (1916-2008)

Әнші, Қазақстанның халық әртісі. Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. 1936-40 жылдары Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясында оқыды. 1950 жылы Алматы консерваториясының вокалдық факультетін тамамдаған. 1942-1946 жылдары Хабаровск шекарашылар ән-би ансамбліне қызмет етті. 1946 жылдан Алматы Опера және балет театрының әнші-солисі. 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Ол Тарғын, Жалбыр, Бекежан, Семен (Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз Жібек» және «Дударай» қойылымдарында), Мұқан Төлебаевтың «Біржан Сара» спектаклінде – Жанбота, А. П. Бородиннің «Князь Игорь» спектаклінде Князь Игорь, М. И. Глинканың «Руслан и Людмила» қойылымдағы Руслан бейнесін, А. Г. Рубинштейннің «Демон» спектаклінде Демон, С. В. Рахманиновтың «Алекосында» Алеко рөлін т.б. партияларды орындап әншілік және актерлік талантының әр қырын танытты.

Ол режиссер ретінде Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Амангелді», С. Мұхамеджановтың «Айсұлу», Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс», П. Чайковскийдің «Қарғаның мәткесі» т.б. операларды қойды.

Кәукен Кенжетаев концерттік-орындаушылық өнерімен де танымал. Репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар өзбек халқының әндері, сондай-ақ шетелдің классик композиторларының шығармалары (әндері, романстары мен ариялары) бар.

1957 жылдан бері кинофильмдерге («Жерге қайта оралу», «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән қанатында», «Тұлпардың ізімен», «Қыз Жібек», «Таудағы шынар», «Қызыл тас заставасы»,

«Гауһартар) түскен.

Гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қалаларында және шетелде 13 (Польша, Моңғолия, Румыния, Түркия, Греция, Сирия, Ливан, Мысыр т.б.) болған.

Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1959 жылы ҚазКСР Халық әртісі атанды. 1953 жылдан ҚазКСР Еңбек сіңірген әртісі.

Әдебиеттер:

Кенжетаев К. Дархан дарын: Шәкен Айманов жайлы. - Алматы: Өнер, 1980. - 152 б.

Кенжетаев К. Кинорежиссер Мәжит Бегалин: Естелік. - Алматы: Өнер, 1994. - 110 б.

Кенжетаев Кәукен // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2002. - 4 Т. - 505 - 506 б.

Кенжетаев Кәукен // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. - 290 б.

Кенжетаев Кәукен // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 380 б.

Омаров М. Кәукен Кенжетаевқа естелік тақта ашылды: [Облыстық Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыка-драма театры ғимаратының қабырғасына ҚР Халық артисі К. Кенжетаевқа арналған ескерткіш тақта орнатылды] // Театр.kz. - 2016. - № 7. - 11 б.

Қайыров Е. Өнердің шежірешісі...: Кәукен Кенжетаевтың туғанына - 100 жыл // Сарыарқа самалы. - 2016. - 20 ақпан. - 6 - 7 б.

Әбен Қ. Ағадан қалған ұлағат: Кәукен Кенжетаевтың туғанына - 100 жыл // Сарыарқа самалы. - 2016. - 25 ақпан. - 5 б.

Молдайып С. Телегей: Кәукен Кенжетаевтың туғанына - 100 жыл // Сарыарқа самалы. - 2016. - 25 ақпан. - 1, 5 б.

Хашымқызы Қ. Қазақ өнерінің хас таланты: [Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театрында Қазақстанның Халық артисі К. Кенжетаевтың 100 жылдығына кеш өтті] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 3 наурыз. - 20 б.

Әбілдина Ғ. Қазақ өнерінің ақтаңгері: [Қазақстанның Халық артисі К. Кенжетаевтың 100 жылдығына орай // Сарыарқа самалы. - 2016. - 9 маусым. - 16 б.

Хашымқызы Қ. Кәукен ағаға - құрмет: [Облыстық Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыка-драма театры ғимаратының қабырғасына ҚР Халық артисі К. Кенжетаевқа арналған ескерткіш тақта орнатылды] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 1 қазан. - 7 б.

Қайыров Е. Кәукеннің аққу домбырасы: [Қазақстанның халық әртісі, әнші, актер К. Кенжетаевтың домбырасы туралы] // Сарыарқа самалы. - 2020. - 29 қазан. - 20 б.

Метбекова Ә. Кәукен ағаның шапаны: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде Қазақстанның халық әртісі, әнші, режиссер, профессор К. Кенжетаевтың жәдігерлері сақтаулы тұр] // Сарыарқа самалы. - 2022. - 5 ақпан. - 12 б.

Ахмадия О. Өнерде өшпес ізі бар: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіндегі кино және театр режиссері, опера әншісі К. Кенжетаевтың мұрасы] // Egemen Qazaqstan. - 2022. - 8 маусым. - 9 б.

Тәуекел С. Шәкен ағаның тынысы: [Қазақстанның халық артисі, әнші, режиссер, киноактер К. Кенжетаев туралы] // Сарыарқа самалы. - 2023. - 6 сәуір. - 19 б.

Мәдениет үйі ашылды: [Мойылды ауылында Халық әртісі, режиссер К. Кенжетаевтың аты берілген мәдениет үйі ашылды] // Сарыарқа самалы. - 2024. - 31 қазан (№ 44). - 4 б.

Жұмабай Н. "Тақиялы періште" тарихынан: [Кинорежиссер Ш. Аймановтың "Тақиялы періште" фильміне себепкер болған өмірде болған шынайы оқиға тарихы туралы] // Egemen Qazaqstan. - 2025. - 1 наурыз. - 10 б.

Қазымұратұлы Ж. Кенжетайдың ұлдары Шәкен мен Кәукен: [Қазақ режиссері, актерлері Ш. Айманов пен К. Кенжетаев туралы] // Jas Alash. - 2025. - 10 маусым. - 6 б.

8 наурыз

Рафика Бекенқызы Нұртазинаның

туғанына 105 жыл (1921 -2013)

Ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты (1974), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі (1966). Қазақ КСР Оқу-ағарту ісінің үздігі, Социалистік Еңбек Ері (1968), Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

университетін) бітірген.

1951-71 жылдары Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971-1985 жылдар аралығында осы мектептің директоры болды. 1972 жылы республикалық педагогикалық қоғамының төрайымы болып сайланды.

Р. Нұртазина – 40-тан астам ғылыми әдістемелік еңбектің (орыс тілінде) авторы, ол қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге қатысты.

«Құрмет белгісі» (1966), Ленин (1968) ордендерімен бірнеше медальдармен марапатталған.

Рафика Бекенқызы Нұртазина 2013 жылы дүниеден озды.

Әдебиеттер:

Нұртазина Рафика Бекенқызы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2005. - 7 Т. - 94 б.

Нұртазина Рафика Бекенқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 523 б.

Нұртазина Рафика Бекенқызы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2013. - 2 Т.- 227 б.

Ысқақова Д. Мақтаншы қазақтың: [Жерлесіміз, мұғалім Р. Нұртазина жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 29 наурыз. - 5 б.

Қуанышева А. Ұлылық шыңы - ұстаздық: [Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде ардақты ұстаз Р. Нұртазинаның құрметіне арналған кабинет ашылды] // Сарыарқа самалы. - 2018. - 24 сәуір. - 5 б.

Жилбаев Ж. Ұстаз парасаты: [Қазақстандық ұстаздар қауымы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ КСР Оқу-ағарту ісінің үздігі, Социалистік Еңбек Ері Рафика Бекенқызы Нұртазинаның 100 жылдық мерейтойын құрметпен атап өтуде] // Сарыарқа samaly. - 2021. - 27 ақпан. - 10 б.

Сәкенова Р. Ақындар жыр арнаған Нұртазина: [Қазақстандық ұстаздар қауымы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ КСР Оқу-ағарту ісінің үздігі, Социалистік Еңбек Ері Рафика Бекенқызы Нұртазинаның 100 жылдық мерейтойын құрметпен атап өтуде] // Қазақ әдебиеті. - 2021. - 20 тамыз (№ 34). - 19, 21 б.

9 наурыз

Иван Пантелеймонович Лопатиннің туғанына 100 жыл (1926-1993)

Мүсінші Иван Пантелеймонович Лопатин Қытайдың Якеши станциясында туған. Харбин электромеханикалық техникумын бітірген. Көркем студияда оқыған. 1954 жылы тың жерлерді игеруге Павлодарға келген. 1959 жылдан көркем-өндірістік шеберханаларда жұмыс істеді. Монументалды мүсін, станоктық пластика И. Лопатин шығармашылығының негізгі бағыттары.

Оның жұмыстары атақты адамдардың мүсіндері, мүсіндік композициялар біздің облысымыздың елді мекендерінің көптеген алаңдарында тұр. Мысалы, Шарбақты кентінде К. Маркс, С. Орджоникидзе, И. Панфиловтың мүсіндік портреттері орнатылған. Оның жұмыстары Алтай өлкесінде де бар.

Павлодар кәсіпқой суретшілерінің әрбір облыстық көрмесінде И. Лопатиннің шығармашылық портреттерін кездестіруге болатын еді. Ол өз жерлестері – еңбек адамдарының бейнелерін қызығушылықпен жасады. Бұл Кеңес Одағының Батыры А. Елгин, даңқты ұшқыш В. Чкалов, белгілі ғалым, саяхатшы Ш. Уәлиханов, Павлодар облысындағы Кеңес өкіметі үшін күрескерлер Б. Баратбаев пен В. Кунавин, М. Калининнің мүсіндік портреттері.

Гипстен бастап, ол шойын, ағаш, бетон, эпоксидті шайырлар сияқты бірнеше жаңа материалдарды да меңгерді, соңғы жылдары қызыл мыста гальванопластика әдісімен жұмыс істеді.

Студиялық білімі бар мүсінші жоғары шығармашылық әлеуетке ие болды. Ол әрқашан басты нәрсені ұстап қала білді, монументалды өнердің әр жанрының ерекшеліктерін шебер пайдаланды. Кең ауқымды мүсінші, ол адам қозғалыстарының сұлулығын талантты түрде жеткізді, оны ұсақ пластикада көрсетті: "Отырған", "Болатшылар", "Ойлану".

Негізгі туындылары: "Даңқ монументі" (1976), Қаз ССР Халық әртісі К. А. Струнинаның портреті (1967), "Мүсінші И. Виноградовтың портреті" (1976), "Кеңес Одағының Батыры М. К.

Қайырбаевтың портреті" (1980), "Я. Герингтің портреті" (1984), "Социалистік Еңбек Батыры М. Қабылбековтің портреті" (1989) және т.б.

1980 жылы сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Д. С. Витухинмен және мүсінші Виноградовпен бірлесіп Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Кеңес Одағының Батырларына арналған ансамбль құрды. 1985 жылы - Курчатова қаласындағы Даңқobelіскі. И. П. Лопатин сонымен қатар М. Шамсутдинованың (1972), С. Муткеновтың (1985), К. Струнинаның (1987), Васильевтің (1987-1988), Д. Карбышевтің (1989) мемориалдық тақталарының авторы. Әр жылдары ол Қ.И. Сәтбаевтың, К. Семенченконның, С. Дөнентаевтың, Е. Беркімбаевтың, К. Камзиннің және т.б. бюсттерін жасады.

1993 жылы көркемсурет мұражайында оның жұмыстарының соңғы көрмесі өтті. "Поль Робсон" жұмысын Алматыдағы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы сатып алды.

Әдебиеттер:

Лопатин Иван Пантелеймонович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 471 б.

Әбілда Т. "Адалдық": [Облыстық көркемсурет музейінде танымал суретшілер Зоя Соболева мен Иван Лопатиннің "Адалдық" көрмесі ашылды] // Saryarqa samaly. – 2021. - 26 тамыз. – 19 б.

11 наурыз

Анатолий Николаевич Михейчевтің
туғанына 95 жыл (1931-2007)

ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан театр қызметкерлері Кеңесінің мүшесі, актер. Томск қаласында дүниеге келген. 1948 ж. Томск театр студиясын тамамдаған соң Томск театрының актері қызметінде болды. Днепропетровск, Рязань, Астрахань театрларының актері болған. 1965-1970 жж. Жамбыл атындағы Өскемен драма театрының директоры қызметін атқарған. 1970-1983 жж. директор, ал кейін 1983 жылдан. – 1991 ж. зейнеткерлікке шыққанға дейін А.П. Чехов атындағы облыстық драма театрының актері.

Сахналарда 100-ден астам роль сомдаған: И. Назаровтың «Панфиловцы» қойылымында – майор Рузанов (1975 ж.), В. Шульдин мен Ю. Фридманның «Синдбад-мореход» қойылымындағы Джафар (1979 ж.), М. Шатровтың «Именем революции» (1980 ж.), С. Смирновтың «Люди, которых я видел» қойылымындағы Шевченко (1985ж.), В. Поповтың «Пропуск Стаса Захарова» қойылымындағы Глебов (1984 ж.), О. Уайльдтің «Веер леди Уиндимер» туындысындағы Паркер (1991 ж.) және т.б.

А. Н. Михейчев өзін соңынан адам ерте алатын білгір жетекші ретінде көрсете білді. Оны жоғары кәсібилік, асқан еңбекқорлық, кәсіби табандылық және шыдамдылық ерекшелендірді.

Сіңірген еңбегі мен театр өнерінің дамуы 1980 жылғы ҚазКСР-інің Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен А.Н. Михейчевке «ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді.

Әдебиеттер:

Михейчев Анатолий Николаевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 404 б.

Михейчев Анатолий Николаевич: некролог // Сарыарқа самалы. - 2007. - 9 қаңтар. - 7 б.

26 наурыз

Алексей Миронович Дьячковтың
туғанына 100 жыл (1926-2001)

Суретші. Павлодар облысының Ермак ауылында (қазіргі Ақсу қаласы) туған. 1938 жылдан Павлодар қаласында тұрған. Бала кезінен суретшіні туған өлкесінің табиғаты толғандырып, шабыттандырған. Мектеп жасынан Ертіске этюдтерге барған. Жетінші сыныптан соң ол А. П. Чехов атындағы облыстық драма театрында суретші болып істей бастаған. Әскери қызметінен кейін театрға оралды.

Ол В. А. Критинин мен В. Э. Штейгер сияқты суретшілермен жұмыс істеді, мұнда ол

бутафория мен қойылымдарға декорациялар туғызған. 1956 ж. Павлодарда жаңа ашылған ҚазИзо көркем шеберханасына түсті (1959 жылдан көркемөндірістік шеберханалар), онда көп жылдар бойы еңбек етті. Мұнда Павлодар қаласының келбетін әсемдеу жұмыстары жүргізілді П. Г. Величко М. П. Колмогоров, В. В. Терещенко, С. Я. Якубович сияқты суретшілермен әрдайым араласып, сондай-ақ барлық қалалық көрмелерге қатысты. Туған Ертіс өңірі – сол жылдардағы көрмелердің басты тақырыбы. Пейзаж жанрында жұмыс істеген. Жұмыстарының көрмелері көрермендердің айнымас назарына ие болды. 1965 ж. Павлодар қаласында көркемсурет мұражайы ашылғанда, Дьячков осындағы бүкіл есептік көрмелерге қатысқан. Сол жылдардағы шығармашылық пейзаждар: «Роцца», «Лесное зеркало», «Березовая роцца». 1976 ж. алғаш рет республикалық «Пейзаж и натюрморт» көрмесіне «Над целинным простором», «Голубая весна», «Притихло» пейзаждарымен қатысты. Келесі жылы республикалық көрмеге оның ең үздік жұмыстарының бірі «Канал Иртыш – Караганда» картинасы қатысты. 1979 ж. республикалық көрмеде оның «Разлив на Иртыше», «Идет весна» және «Осинник» жұмыстары ұсынылды. А. Дьячков 17 облыстық және 4 республикалық көрмеге қатысқан (1961-80 гг.). Оның белгілі жұмыстары: «Березовые ситцы» (1972 ж.), «Ручей у реки Акпет» (1975 ж.), «Домик лесника» (1976 ж.), «Дом Павла Васильева» (1978 ж.), «Осень в Баянауле» (1979 ж.), «Сжатое поле» (1979 ж.) және т.б.

Әдебиеттер:

Дьячков Алексей Миронович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 294 б.

2 сәуір

Василий Сергеевич Ширинкиннің туғанына 90 жыл (1936-2001)

Ресей Федерациясы Алтай өлкесінің Славгород қаласында туған. 1961 жылдан Павлодарда. Өзіндік композитор, музыкант, педагог. Мәдениет үйінің халық опереттасына, Э. Шиллер хорына қатысып, хордың аспаптық тобын басқарды. Павлодар ақындарының сөздеріне жазылған 20-ға жуық әннің авторы.

14 сәуір

Белгібай Шалабаевтың туғанына 115 жыл (1911-1990)

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба ауылында туған. Әдебиеттанушы, сыншы, жазушы, аудармашы, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қаз КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, Қаз КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ұлы Отан соғысының қатысушысы.

1933 жылы Қазақ педагогикалық институтының тіл және әдебиет бөлімін бітірген. 1937 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген. 1937–1938 жж. Қазақ коммунистік журналистика институтының әдебиет кафедрасының меңгерушісі. 1938–1942 жж. С. М. Киров атындағы ҚазМУ әдебиет кафедрасының аға оқытушысы. 1944–1949 жж. ҚазПИ филология факультеті деканы және әдебиет кафедрасының доценті. 1949–1980 жж. ҚазМУ қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доцент, профессор.

Ұлы Отан соғысының қатысушысы: 1943 жылдың желтоқсаны – 1944 жылдың қаңтары – 742-ші атқыштар полкінің (Батыс майданы) үгітшісі. Витебск бағытындағы шайқастарға қатысқан. 1944 жылдың 10 қаңтарында жараланған.

Ғылыми мамандануы XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының шығармашылығы. Б. Шалабаевтың ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ әдебиеті тарихына арналған. Оның кітаптары революцияға дейінгі және кеңестік қазақ прозасының елеулі құбылыстарына арналған. «Қазақ революцияға дейінгі прозасы мен романы тарихынан», «Қазақ революцияға дейінгі әдебиет тарихына очерктер» еңбектерінің авторы. «Қазақ совет әдебиеті тарихы», «Қазақ совет әдебиеті очерктері», «Қазақ әдебиеті тарихы» кітаптарының авторларының бірі. «Қазақ прозасы тарихы. Сюжет және кейіпкер», «Қазақ романы тарихы» монографияларының авторы. Оның қаламынан «Тайжеген тауларында» (1932), «Жекпежек» (1936) повестері, «Өмірде не болмайды» (1961) әңгімелер мен фельетондар жинағы және т.б. шыққан.

Әдебиеттер:

Шалабаев Белгібай // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 725 б.

Артықбаев Ж. Құт орнап, кие қонған Баянауыл: [Баянауыл жерінен шыққан атақты жерлестер туралы] // Мәдени мұра. – 2011. – № 4 (шілде - тамыз). – 47 - 53 б.

Белгібай Шалабаевтың айтқандары: [Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ғылым қайраткері, аудармашы, прозашы Б. Шалабаев жайлы] // Найзатас. – 2013. – № 5. – 197 - 199 б.

17 сәуір

Иван Артемьевич Будчановтың туғанына 110 жыл (1916-1985)

Павлодар қаласында туған. Биология ғылымдарының докторы, профессор. 1941 жылы Днепропетровск мемлекеттік университетін бітірген. 1945-1958 жж. Одесса медициналық институтының биохимия кафедрасында ассистент, доцент. 1958 жылдан бастап Ақтөбе медициналық институтының биохимия кафедрасының меңгерушісі.

И. А. Будчанов Батыс Қазақстанның табиғи емдік факторларын зерттеумен айналысқан. Негізгі ғылыми еңбектері курортология саласында. Ең ірі жарияланымдары: «Батыс Қазақстанның табиғи емдік факторларын пайдалануға эксперименталдық негіздеме».

Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Отан соғысы орденімен 2-дәрежелі және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Будчанов Иван Артемьевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 256 б.

18 сәуір

Зейтін Ақышевтың туғанына 115 жыл (1911-1991)

Жазушы, драматург, педагог, аудармашы Зейтін Ақышев 1911 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1936 жылы Омбы жұмысшы факультетінде оқып, 1938 жылы Семей пединститутының физика-математика факультетін бітірген.

1938-1952 жылдары Баянауыл мектебінде математика пәнінен дәріс беріп, кейін мектеп директоры болды. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі және Павлодар педучилищесінде сабақ беріп, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Павлодар облысы оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүріп, Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ашылуына үлкен көмек көрсетіп, мүмкіндіктер жасады.

З. Ақышев 1952-1966 жылдары "Мектеп" баспасында редактор, редакция меңгерушісі, бас редактор, 1955-60 жж. "Қазақстан мұғалімі" газетінде редактор болды. 1966-1969 жж. ҚазССР Министрлер Кеңесінің "Қазақ ССР Үкіметінің қаулылар жинағы" редакциясында аудармашы редактор болды. 1969-76 жж. Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясында аға ғылыми редактор болып қызмет жасады.

Алғашқы өлеңдері, очерктері, әңгімелері 1930 жылы жариялана бастады. Тұңғыш очерктер жинағы "Біздің шамшырақтар" 1962 жылы жарық көрді. "Достарым менің" атты әңгімелер жинағы (1967), Ертіс өңірі еңбекшілерінің Совет үкіметін орнату жолындағы күресін суреттейтін "Ақбел асуы" (1976), белгілі ақын, әнші, композиторлар Жаяу Мұса мен Иманжүсіптің өмірін суреттеген "Жаяу Мұса" (1978), "Шынардың шыбығы" (1987) романдарының, сондай-ақ "Жаяу-Мұса", "Келіндер", "Құтылмайды ол" пьесаларының авторы. Жекелеген туындылары орыс тіліне аударылған. В.Ф. Панованың "Кружилиха" (1950), А. И. Куприннің "Жекпе-жек" (1954), Я. Коластың "Талаш атай" (1956) т.б. романдарын қазақ тіліне аударған.

З. Ақышев "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталған.

Әдебиеттер:

Ақышев З. Жесірлер: роман. - Алма-Ата: Жазушы, 1973. - 200 б.

Ақышев З. Жұмбақ іздер: повесть. - Алматы: Жалын, 1980. - 87 б.
Ақышев З. Бәрі де есте: повестер мен әңгімелер. - Алматы: Жалын, 1982. - 191 б.
Ақышев З. Қиырдан келген көгершін: повестер мен әңгімелер. - Алматы: Жалын, 1984.
96 б.
Ақышев З. Телқоңыр: деректі повесть. - Алматы: Өнер, 1986. - 176 б.
Ақышев З. Шынардың шыбығы: роман. - Алматы: Жазушы, 1987. - 352 б.
Ақышев З. Жаяу Мұса: роман. - 2-ші бас. - Алматы: Жібек Жолы, 2011. - 455 б.
Ақышев З. Иманжүсіп: роман. - 3-ші бас., түзетілген және толықтырылған. - Алматы: Жібек Жолы, 2011. - 423 б.

Ақышев Зейтін // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. - Алматы, 1989. - 4 Т. - 110 б.
Ақышев Зейтін // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 1998. - 1 Т. - 236 б.
Ақышев Зейтін // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005. - 32 б.
Ақышев Зейтін // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 149 б.

Артықбаев Ж. Құт орнап, кие қонған Баянауыл: [Баянауыл жерінен шыққан 16 атақты жерлестер туралы] // Мәдени мұра. - 2011. - № 4 (шілде - тамыз). - 47 - 53 б.
Ақышев З. Жағдайды түсінетін асыл азамат еді ғой, кешіреп...: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов жайлы жазушы, аудармашы З. Ақышевпен сұхбат] // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - 2015. - № 17. - 18 б.
Заманының заңғар жазушысы: [Жазушы З. Ақышев туралы] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 2 шілде. - 6 б.
Ақышев Ә. Мені жақсы көретін: [Жазушы, көркем аудармашы Зейтін Ақышевтың ұрпағының естелігінен] // Сарыарқа самалы. - 2021. - 17 сәуір. - 9 б.
Қайыров Е. Бәрі де есте...: Жазушы, көркем аудармашы Зейтін Ақышевтың туғанына - 110 жыл // Сарыарқа самалы. - 2021. - 17 сәуір. - 9 б.
Касимова Г. М. Ақбет таудың ақ иығы тарланым: [Жазушы Зейтін Ақышевқа арналған танымдық сағат] // Ұстаздар газеті. - 2021. - 15 мамыр. - 11 б.
Қабділәшім Е. Жазушының жәдігерлері: [Баянауыл ауылындағы З. Ақышев атындағы мектептегі жазушының мұражайы туралы] // Egemen Qazaqstan. - 2021. - 11 қараша. - 11 б.
Өмірзаққызы Ұ. Қарымды қаламгер: [Жерлесіміз, драматург, жазушы, ұстаз, аудармашы З. Ақышевтың атақты палуан, әнші, күрескер Иманжүсіп Құтпанұлы туралы жазған "Шынардың шыбығы" атты романы туралы] // Сарыарқа самалы. - 2022. - 30 маусым. - 18 б.

21 сәуір

«Қаздар қонысы» республикалық маңызы бар табиғат ескерткішінің жарияланғанына 55 жыл (1971)

Бұл ескерткіш Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында, Павлодар қаласының солтүстік шетінде, темір жол көпірінен оңтүстікке қарай 500 метр қашықтықта орналасқан. Ол 1928 жылы Мәскеу палеонтологы Ю. А. Орловтың бастауымен ашылды. 1929-1930 жылдары бұл жерде палеонтологиялық қазбалар жүргізілді, соның барысында плиоцен-миоцен жастағы ежелгі сүт қоректілерінің бірнеше мыңдаған сүйек қалдықтары (заманауи африка фаунасының арғы нысаны) табылды.

Палеонтологиялық институттың археологтары осы жердің кішігірім бөлігін зерттеген кезде одан кем дегенде 20 марал, 40 керік, 130 мүйізтұмсық, 200 гиппарион және тағы басқаларын тапты. Неоген кезеңінің (25-2 млн жыл) осындай бай жануарлар әлемі бар «Қаздар қонысы» палеонтологиялық орнының ашылуы Ертістің Павлодар өңіріне бұрынғы Кеңес Одағы елдерінен палеозоологтардың келуіне жол ашты. Барлық табылған палеоматериалды ғалымдар өздерімен бірге әкетіп отырды, себебі, біріншіден, сол уақытта Павлодарда өлкетану мұражайы болмады, екіншіден, палеонтологиялық қалдықтардың зерттелуін және сақталуын қамтамасыз ете алатын ғылыми ұйым да болған емес.

А. Ю. Орлов бастаған жұмыстар 1960 жылы ҚазКСРО ҒА Зоология институтындағы палеобиология бөлімінің экспедициясымен жалғасып, ортаңғы және астыңғы жиектерді елек арқылы жуып-шаю жолымен омыртқа жоталарының жинақтамасы табылды. Оның арасында қояндар, шақылдақтар, қосаяқтар, қос мекенділер мен шағын құстардың қалдықтары анықталды.

«Қаздар қонысы» табиғи ескерткіші неоген жануарлары көмілген жерлердің ең ірі, әлемге аты әйгілі ескерткіш эталоны.

Осы ескерткіш арқылы ертеде өмір сүрген жануарларды зерттеген, жануарлардың қалдықтарымен салыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сүйекті қыртыстың жалпы аумағы 800 м. астам, ескерткіштің жалпы аумағы 2 гектар.

Қаздар қонысының қазба түрлерінің ішінен 70-тен астам жануарлар түрлері белгілі. Онда кішкентай үш бармақты жылқы – гиппарионның көптеген қалдықтары табылған, көптеген көне мүйізсіз мүйізтұмсықтар – хилотерилердің де қалдықтары табылды. Керіктер, түйетабандар мен тасбақалардың және басқа да қазіргі Африканы мекендейтін хайуанаттардың сүйектері де табылған. Жыртқыш аңдар арасынан мұнда гиеналар, қылыштісті мысықтар және иктегериялар анықталған. Осы көмбе Еуразияда ең ірі деп саналады.

2019 ж. Ертістің орталық жағажайында "Қазқонақ" палеонтологиялық ескерткіші мен ашық аспан музейі таныстырылды. Мұнда Павлодар облысында неоген кезеңінде өмір сүрген 12 жануардың табиғи мөлшердегі мүсіндері орналастырылды.

Әдебиеттер:

Қаздар қонысы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2003. - 5 т. - 457 б.

Қаздар қонысы // Қазақстан табиғаты: Энциклопедия. 5 т. / Бас ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы, 2009. - 2 т. - 321 б.

Қаздар қонысы // Атамекен: Географиялық энциклопедия / Бас редактор Б. Ө. Жақып. - Алматы, 2011. - 311 б.

Қаздар қонысы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 421 б.

Молдайып С. Елеусіз қалған байлық: ["Достық үйінің" фойесінде "Қаз қонақ" ("Қаздар жолы") палеонтологиялық ескерткішінің көрмесі болып өтті] // Шаһар. - 2009. - 27 тамыз. - 6 б.

Хашымқызы Қ. Табиғаттың таңғажайыбы: "Қаз қонақ" жәдігерлерінің көрмесі ашылды // Сарыарқа самалы. - 2016. - 19 сәуір. - 8 б.

Молдайып С. Қазқонақ: ["Қазқонақ" палеонтологиялық ескерткіші] // Сарыарқа самалы. - 2017. - 10 тамыз. - 6 б.

Сахаба Т. Жанға жайлы жаңа жағалау: [Ертістің орталық жағажайының төменгі бөлігі, яғни жаңа жағалау ашылды және "Қазқонақ" палеонтологиялық ескерткіші мен ашық аспан музейі таныстырылды] // Сарыарқа samaly. - 2019. - 6 шілде. - 3 б.

10 мамыр

Евгений Иванович Еникеевтің

туғанына 110 жыл (1916-1995)

Пенза облысында қызметкер отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын 1936 жылы Воронеж театр училищесін бітіргеннен кейін бастаған. Актер болып жұмыс істеп жүріп, 1946 жылдан бастап режиссерлікпен айналыса бастады. КСРО-ның көптеген театр сахналарында (Кузнецк, Пенза, Тамбов, Ашхабад, Чарджоу және т.б.) актерлік және режиссерлік қызметін қатар атқарды.

1959 жылы Е. Е. Еникеев А. В. Луначарский атындағы ГИТИС-тің режиссерлік және актерлік бөлімін бітірді. 1960 жылдан бастап Мичуринск, Курган, Махачкала, Семей қалаларындағы театрлардың бас режиссері болды. А. П. Чехов атындағы облыстық драма театрына елу жылдай уақытын арнады.

Оның еңбегінде бес жүзден астам әр алуан қойылым және үш жүзден астам рөл бар. Бас режиссер-экспериментатор қызметіне кіріскен Е. Еникеев театрдың көркемдік мәніне мүлдем басқаша стилистиканы, театр тілін және көрерменмен қарым-қатынас тәсілдерін енгізді. Оның қойған қойылымдары: С. Смирновтың "Мен көрген адамдар" пьесасы, А. Корнейчуктың "Днепр үстінде" комедиясы, Т. Драйзердің шығармасы бойынша инсценировкасы "Дженни Герхард", А. Островскийдің "Ашулы ақша", О. Бальзактың "Өгей шешесі" көрермендер тарапынан мойындалып, жоғары бағаланды.

Е. Еникеев қойған көптеген спектакльдерде өзі де ойнады. Ол "Маскарадтағы" Арбенин, "Мен көрген адамдар" спектакліндегі Русаков, "Шие бағындағы" Гаев, "Жарылыстағы" Берсенев бейнелерін тамаша сомдады. Ол кейіпкерлік-публицистикалық спектакльдерде көп ойнады: М. Горькийдің "Соңғылары", Чеховтың "Ваня ағай", Достоевскийдің "Мәңгілік күйеу",

Гюго пьесасы "Мария Тюдор", М. Кәрімнің "Ай тұтылу түнде", Назаров пьесасы "Панфиловшылар", Лаврентьев пьесасы "Әкенді құрметте".

Е. Еникеев шеберлігін үнемі жетілдіріп отырды. 1963 жылы КСРО халық әртісі, профессор Ю. А. Завадский жетекшілік еткен Мәскеу Моссовет атындағы театры жанындағы Жоғары режиссерлік курстарын, аспирантурасын бітірді. Режиссерлік талантын театр өнерінің көптеген байқаулары мен көріністерінің қазылар алқасы жоғары бағалады. М. Горькийдің "Жаулар" және С. Салынскийдің "Мария" пьесаларының қойылымдары Ресей мен Қазақстан Мәдениет министрліктерінің екінші дәрежелі дипломдарымен, ал И. Назаровтың "Панфиловшылар" драмасы КСРО Мәдениет министрлігінің дипломымен марапатталды. Е. И. Еникеев 1995 жылы 12 қыркүйекте қайтыс болды.

14 мамыр

Вадим Иванович Ботовтың
туғанына 90 жас (1936)

Павлодарда дүниеге келген. Музыкаға жол 1943 жылы белгілі педагог Г. А. Балтермен (кейіннен Гнесиндер атындағы Мәскеу институтының доценті) кездесуден басталды. Сол жылы Павлодардағы бірінші музыка мектебінің алғашқы оқушысы болды. Мектептен кейін Минскідегі музыкалық училищеде оқиды. Глинка атындағы Минск музыкалық училищесінде педагог, профессор, белгілі композитор Н. И. Аладовтың композиция сыныбы бойынша теория, музыка және композиция бөлімінде екі жыл оқыды.

Вадим Ботов Мәскеудегі VI Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестивалінің қатысушысы (1957), Беларусь ЛКСЖ ОК құрмет және жастар фестивалі кеңестік комитетінің грамотасының иегері.

Ол 1959 жылы ашылған Павлодардағы музыкалық училищенің алғашқы оқытушыларының бірі. Вадим Иванович бірнеше жыл бойы орыс халық аспаптар оркестрін басқарды. Оның педагогикалық өтілі шамамен қырық жылды құрайды.

Ботовтың шығармашылық қорында павлодарлық ақындармен және өз өлеңдерімен жазылған көптеген әндер бар. 200-ден астам өлеңдер, он хор, көптеген аспаптық шығармалар жазды. Оның әндерінің ішінде туған өлкеге көп көңіл бөлінеді: «Побывайте у нас в Павлодаре», "Павлодарский вальс" және тың, махабатқа, Ертіске арналған өлеңдер.

14 мамыр

Николай Петрович Петерштің
туғанына 80 жыл (1946-1994)

Суретші Петерш Николай Петрович Кемеров облысы Аламбай ауылында туған. 1967 жылы Фрунзе көркемсурет училищесінің сәндік бөлімін бітірген. С. А. Чуйков, Е. С. Гердюк, В. А. Ким педагогтарынан сабақ алған. 1968-1969 жылдары Репин атындағы Ленинград кескіндеме, мүсін және сәулет институтында оқыған. Портрет, пейзаж жанрларында жұмыс істейді, плакаттар салады.

1969 жылы Павлодарға келген. Көптеген көрмелерге қатысқан. Николай Петерш – экслибристердің авторы, негізінен офорт және пластик гравюра техникасында жасалған. Олардың көпшілігі түрлі көрмелерде (Рига, 1976 ж. Бүкілодақтық экслибрис көрмесі) қойылған. Оның жұмыстары "Қазақстан экслибрисі" атты алғашқы тақырыптық жинаққа енген. Өнеркәсіптік және қоғамдық ғимараттардың бірқатар интерьерін безендірген: "Строитель" Мәдениет сарайының холы (1970 ж.), "Баянауыл" кинотеатрының (қазіргі Вауанmall ССО) интерьерлері, фойесі, Ш. Айманов атындағы кинотеатрі.

Негізгі туындылары: "Жазғы шеру" (1975 ж.), "Көк таң" (1976 ж.), "Дауыл алдында", "Баянауылға барар жол", "Менің туған Ертісім", "Үкім" (1988 ж.), "В. П. Батуриннің портреті" (1987 ж.) және т.б.

Әдебиеттер:

Петерш Николай Петрович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 604 б.

15 мамыр

Махмет Дүйсенұлы Дүйсеновтің
туғанына 110 жыл (1916-1976)

Қызылжар ауылында (қазіргі Ақмола облысы) туған. ПМ-нің еңбек сіңірген қызметкері, милиция генерал-майоры. 1940 жылы ПХК МҚББ өлкеаралық мектебін бітірген. 1935 жылдан бастап Семей облысының «Жаңа ауыл» аудандық газеті редакциясында жұмыс істеді. Қызылорда облыстық Ішкі істер бас басқармасында қызмет етті. 1940-1943 жж. Арал аудандық Ішкі істер халық комиссариатының жедел уәкілі, аға жедел уәкілі. 1943 ж. Қызылорда облысының Қармақшы аудандық Ішкі істер халық комиссариатының бастығы. 1946-1950 жж. Қызылорда облысының Қарқаралы аудандық Ішкі істер басқармасының, кейін Жезқазған аудандық Ішкі істер басқармасының бастығы. 1950-1956 жж. Көкшетау облыстық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары. 1960-1965 жж. Целиноград өлкесінің қоғамдық тәртіпті қорғау басқармасы бастығының орынбасары. 1965 жылдан бастап Павлодар облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы.

КСРО ордендерімен және медальдарымен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Оның есімімен Павлодар қаласында көше аталған, ол тұрған үйге (№ 56) мемориалдық тақта орнатылған.

Әдебиеттер:

Дүйсенов Махмет Дүйсенұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 293 б.

21 мамыр

Зинаида Николаевна Раздорскаяның
туғанына 85 жас (1941)

Қостанай облысы, Қойбағар ауылында туған. Хирург-дәрігер, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ертіс ауданының құрметті азаматы. Семей медициналық институтын бітірген. 1999 жылдан бастап Павлодар облысында. 1959-1963 жж. Павлодар қаласындағы балабақшада тәрбиеші және Ленинский кентіндегі (қазіргі Атамекен) учаскелік ауруханада медбике болған. Аудандық аурухананың хирургия бөлімінің меңгерушісі.

«Құрмет белгісі» орденімен және Н. И. Пирогов атындағы медалімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Раздорская Зинаида Николаевна // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 617 б.

Түгелбай Г. Өлшеусіз үлеске - лайықты баға: [Республика күніне орай аймағымыздың дамуына әр салада үлес қосқан ардагерлерге Павлодар облысының Құрметті азаматы атағы берілді] // Saryarqa samaly . – 2023. – 24 қазан. – 1 - 2 б.

25 мамыр

Құдайберген Мағзұмұлы Сұрағановтың
туғанына 105 жыл (1921-2008)

Кеңес Одағының Батыры Сұрағанов Құдайберген 1921 жылы Павлодар облысының Қашыр ауданы Сұлуағаш ауылында туған. 1940 жылы Павлодардың педагогикалық училищесін бітірген соң, Жаңа ауыл орталау мектебінде мұғалім болып істеді. Сол жылдың қазан айында Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1942 жылы артиллериялық училищені бітіріп, кіші лейтенант атағымен майданға келді. Ер жүрек артиллерист Волгадан Шпрееге дейінгі соғыс жолдарынан өтті. Өзінің жеңіс сапарын құлаған Берлинде аяқтаған жауынгер Қ. М. Сұрағанов туған Қазақстанына қайтып оралды. 1946 жылы 15 мамырда аға лейтенант Қ.М. Сұрағановқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

5 орденмен және көптеген медальдармен марапатталған. Қазақстан педагогикалық институтын, одан кейін аспирантураны бітірді. Қазақ қыздар педагогика институтында қызмет істеді. Павлодар қаласында Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағановтың құрметіне көше аты берілді.

Әдебиеттер:

Сұрағанов Қ. Өмір соқпақтары. Деректі хикаят. - Алматы: Қазақстан, 1998. - 160 б.

Сұрағанов Құдайберген // Совет Одағының қазақстандық батырлары. - Алматы, 1969. –

2 Т. - 269 - 270 б.

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы] // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2003. - 5 Т. - 342 б.

Жұматов Ғ. Жеңіс жалаун желбіреткен. – Павлодар, 2005. - 44 б.

Сұрағанов Құдайберген // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 / Павлодарлықтар - Кеңес Одағының Батырлары және үш дәрежелік Даңқ орденінің толық Кавалерлері = Звезды нашей Победы. 1941-1945 / Герои Советского Союза и Кавалеры ордена Славы трех степеней – павлодарцы: Биобиблиографиялық көрсеткіш – Биобиблиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 23 б.

Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 668 б.

Мундуинов Е. Тастай берік жау шебін бұзып өткен: [Жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Қ. М. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2010. - 1 мамыр. - 6 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Мундуинов Е. Өшпес ерлік жасаған: Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағановтың туғанына - 90 жыл // Сарыарқа самалы. - 2011. - 16 маусым. - 6 б.

Ибраева Т. Біздің батырлар: [Павлодар педагогикалық училищесінің түлектері С. Мүткенов, Қ. Сұрағанов, Қ. Нұркин, К. Әбенев, М. Әлімбаев, Е. Қалымжанов, А. Щербинко, Б. Ахметов, Қ. Елубаев майданға алынды] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 17 маусым. - 6 б.

"Адал ұл ер боп туса - ел тірегі": [Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 11 б.

Исаев С. Ол нағыз ұстаз еді: [Кеңес Одағының Батыры Қ. М. Сұрағанов жайлы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті физика-математика факультетінің деканы, профессор С. Исаевтың әңгімесі] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 14 б.

Кеңес Одағының Батыры!: [Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 12 б.

Қан кешу: [Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 12 б.

Қожахметова З. Қ. Қайран, жездем.: [ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Мәдениет қайраткері, Павлодар облыстық Мұсылман әйелдері лигасын басқарған З. Қожахметованың Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы әңгімесі] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 13 б.

Торайғыров М. Мінезі жібектей еді.: [Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 ақпан. - 13 б.

Мархаба Т. Сұрағанов есімі берілді: [Павлодар қаласындағы Дерибас көшесін 18 Кеңес Одағының батыры Қ. Сұрағановтың есімімен атау жөнінде республикалық ономастикалық комиссиясының шешімі шықты] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 14 қаңтар. - 2 б.

Сахаба Т. Сұрағанов есімі берілді: [Павлодар қаласындағы Дерибас көшесі бұдан былай Кеңес Одағының батыры Қ. Сұрағановтың есімімен аталады] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 12 мамыр. - 1 - 2 б.

Бойков Н. Ертіс бойының ерлері: Сталинград шайқасына - 75 жыл // Сарыарқа самалы. - 2018. - 10 мамыр. - 6 б.

Мақажанова Қ. Ердің даңқы - елге мақтан: [Жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Құдайберген Сұрағановтың туғанына 100 жыл] / Қ. Мақажанова // Сарыарқа самалы. - 2021. - 8 мамыр. - 1, 7 б.

Жанақова Н. Батыр ұстаз тағылымы: [Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағанов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2023. - 1 маусым. - 19 б.

25 мамыр

Майя Әбдірахманқызы Жиенбаеваның
туғанына 70 жас (1956)

Павлодар қаласында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика институтының кітапхана факультетіне түскен. 1977 жылы институтты бітіріп, Павлодар облысы Ермак (Ақсу) қаласы аудандық орталық кітапханада жұмыс істеді. 1979 жылы облыстық кітапханада библиограф-әдіскер, кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1985 жылы облыстық кітапхананың директоры болып

тағайындалды. 1988 жылы оның басшылығымен үш облыстық кітапхана (эмбебап, жасөспірім және балалар) бірігіп, облыстық біріккен эмбебап ғылыми кітапхана статусына ие болды.

М. Ә. Жиенбаева екі халықаралық Москва (1995), Стамбул (1997) қалаларында өткен кітапханалық ИФЛА форумына, үш республикалық (Қарағанды (2001), Орал (2002), Өскемен (2004) қалаларында өткен) кітапханалық конференцияларға қатысты. Ульяновск, Ижевск, Вильнюс, Алматы, Бішкек қалаларында өткен кітапхана ісінің даму мәселелеріне арналған семинарларға қатысты. ҚР Кітапханалық Ассоциациясының мүшесі. Облыстың қоғамдық өміріне белсене қатысуда. Облыс әкімі жанындағы демографиялық саясат, отбасы және әйелдер мәселелері кеңесінің мүшесі.

Майя Әбдірахманқызы республикадағы жаңа бастамалардың басында болды. Облыс кітапханаларында еңбек ұйымдастырудың бригадалық түрлері іске асырылды, (НТИ) бөлмелері, сайыс, өлкетану клубтары құрылып, кітапханашы күні, «Дублер жұмалығы» және мамандармен басқа жұмыстар өткізіліп отырды. Сонымен қатар, облыстық кітапханада жүзеге асырылып жатқан көптеген басқа да бағдарламалар мен жобалардың бастамашысы. «Кітапхана және өлкетану», «Экология және өмір», «Кітапхана – жаңа технологиялар», «Кітапхана – мәдениет орталығы», «Шаңырақ», «Жанашыр» және т.б. «Жанашыр» жобасы әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарды кітапханалық-ақпараттық қызметпен қамтамасыз ететін бірнеше бағдарламадан тұрады.

М. Жиенбаеваның басшылығымен 1993 жылы республикада алдыңғы қатарлылардың бірі болып кітапханалық жұмысты автоматтандыру, электронды каталог енгізу жұмыстары істелді. 1997- 1999 жылдары «Сорос-Қазақстан» және «Ашық қоғам» Институтының гранттарына ие болды. Осының арқасында кітапхана оқырмандарға жоғары деңгейдегі, жаңа ақпараттық технологиялар – электронды пошта және Интернет арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі пайда болды. Қазақстанның моделді кітапханасы болды.

КСРО Мәдениет Министрлігінің «За отличную работу» белгісімен, алғыс хаттармен, Мәдениет министрлігінің, облыс басқармасының 37 грамоталарымен марапатталған. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері, 2003 жылы «Үздік кітапханашы» атақтарына ие болды.

Әдебиеттер:

Жиенбаева Майя Әбдірахманқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 346 б.

Жанғазина С. Кітапханашы ғұмыры: [Кітапхана саласының ардагері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері Майя Жиенбаева жайлы] // Saryarqa samaly. - 2022. - 21 мамыр. - 4 б.

Жанғазина С. Өз ісінің хас шебері: [Кітапхана саласының ардагері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері М. Жиенбаева жайлы] // Saryarqa samaly. - 2024. - 10 қазан (№ 40). – 15 б.

1 маусым

Нина Григорьевна Касьянның
туғанына 90 жыл (1936-2000)

Семей облысы, Бородулиха ауданы, Зенковка ауылында туған. Кітапхана саласының ардагері, Қаз КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Семей кітапхана техникумын және Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын сырттай бітірген. Успен ауданында ауыл кітапханашысы болып жұмыс істеді. 1960 ж. Павлодар қаласы № 7 кітапхана меңгерушісі, 1964-1996 жж. № 4 кітапхана меңгерушісі.

Медальдармен және белгілермен марапатталған.

Әдебиеттер:

Касьян Нина Григорьевна // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 372 б.

5 маусым

Дүйсенбек Тыныштықпайұлы Нақыповтың
туғанына 80 жыл (1946-2021)

Ақын, жазушы, драматург, либретист, көптеген әдеби сыйақылардың иегері, Қазақстан хореографтары Кеңесінің төрағасы, киносценарист, балет театрының режиссері, бірнеше мәдени

және гуманитарлық бағдарламалардың ұйымдастырушысы, «Приз Улановой» Халықаралық балет фестивалінің Президенті. Баянауыл ауданында туған. 1964 ж. Мәскеу академиялық хореографиялық училищесін бітірген. Атақты биші және педагог Александр Руденконың сыныбында оқыған. 1985 ж. Алматыдағы Киров атындағы ҚазМУ-ді бітірген (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ). Алматы опера және балет (1964-1967 жж.), Фрунзе (1967-1968 жж.), Пермь (1968–1969 жж.), Самарқанд (1970-1972 жж.) және қайта Алматыда (1972-1985 жж.) театрларында балет солисі болды, «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып істеген. Галина Уланова, Майя Плисецкая, Наталья Бессмертнова және басқа да танымал балет шеберлерімен жеке таныс болды.

2010 ж. Қазақстанда алғашқы балалар «Ер төстік» балалар ертегісі желісімен аттас ұлттық балетін құрды. 1995 ж. Алматыда оның алғашқы өлең кітабы «Вечер века» жарық көрді. Кейін «Песня моллюска» (2000 ж.), «Близнецы» (2001 ж., кітап автордың Нью-Йоркте 2001 ж. 11 қыркүйекте болған лаңкестігінен 20 күнгі әсерімен жазылған), «Круг пепла» романы (2006 ж., 2009 ж.), «Время Ре» өлеңдер жинақтары шыққан.

10 маусым

Таукен Рахманқұлұлы Рахманқұловтың туғанына 105 жыл (1921-1994)

Кітапхана саласының ардагері, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Павлодар облысы, Железин ауданында туған. 1960 жылы Семей кітапхана техникумын бітірген. «Прииртышский» совхозында, Омбы облысы, Черлак ауданында есепші және шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1957 жылдан бастап Железин ауданы, Антоновка ауылында кітапхана меңгерушісі болған.

Әдебиеттер:

Рахманқұлов Таукен Рахманқұлұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 620 б.

3 шілде

Кузьма Александрович Семенченконың туғанына 130 жыл (1896-1965)

Кеңес Одағының Батыры (Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұңғыш), 1-Дүниежүзілік, азамат соғысының, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, танк әскерінің генерал-майоры. Украинаның Черингов облысы Мартыновка ауылында дүниеге келді. 1909 ж. Семенченко отбасы Павлодар облысы Успен ауданына қоныс аударған.

1915-1920 жж. – 1 дүниежүзілік және азамат соғыстарының қатысушысы. 1940 ж. Әскери академия жанындағы механикаланған әскер курсы бітірген. Ұлы Отан соғысы кезінде 1941 жылдан майданда болды. 19 танк дивизиясының командирі (22-ші механикаланған корпус, 5 – әскер, Оңтүстік-Батыс майдан) танк әскерінің генерал-майоры К. А. Семенченко Войница және Александрия ауылдары маңындағы Владимир-Волыньск тас жолындағы марш кезінде бірден жаудың төте күштеріне ұрысқа түседі. Дивизия бөліктерінің 1941 ж. 2 шілдеде қоршаудан шығуын қамтамасыз етті. Соғыстың бас кезінде жасаған батырлығы мен ерлігі үшін 1941 ж. 22 шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен бронетанкі әскер генерал-майорына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 ж. Бас штабтың Әскери академиясын бітірген. 1947 ж. запастағы генерал-майор. Тбилиси қаласында тұрған және жұмыс істеген.

Екі Ленин орденімен, Қызыл Ту, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

К. Семенченко есімімен Павлодар қаласында көше аталған. Павлодардағы Батырлар аллеясында Батырдың стелласы орнатылған. Успен ауылында мемориалды тақта орнатылған.

Әдебиеттер:

Семенченко Кузьма Александрович // Совет Одағының қазақстандық батырлары. - Алматы, 1969. - 223 - 224 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 томдық. - Алматы, 1984. - 1 Т. - 255 б.

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2003. - 5 Т. - 340 б.

Семенченко Кузьма Александрович // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 / Павлодарлықтар - Кеңес Одағының Батырлары және үш дәрежелік Даңқ орденінің толық Кавалерлері = Звезды нашей Победы. 1941-1945 / Герои Советского Союза и Кавалеры ордена Славы трех степеней – павлодарцы: Биобиблиографиялық көрсеткіш – Библиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 21 б.

Семенченко Кузьма Александрович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 654 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Дәуенов Е. Ерлігі ел есінде: Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры К. Семенченконың туғанына - 115 жыл // Сарыарқа самалы. - 2011. - 26 шілде. - 5 б.

Еленген ерлік: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 11 б.

Жанкешті: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 10 б.

Жауынгер жолы: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 10 б.

Оралу: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 11 б.

Сандықта сақталған сурет: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 11 б.

Сарбаздан келген соңғы хат: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 11 б.

Соғыстағы жүздесу: [Қазақстандық тұңғыш Кеңес Одағының батыры Семенченко Кузьма жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 11 б.

Тұңғыш: [Кузьма Семенченко, Кеңес Одағының Батыры атағын қазақстандықтардың арасында бірінші болып алған] / А. Қуанышева, С. Иманғазина // Сарыарқа самалы. - 2015. - 19 наурыз. - 10 - 11 б.

15 шілде

Қошмұхамбет Кемеңгеровтің туғанына 130 жыл (1896-1937)

Жазушы, драматург, филолог, тарихшы, журналист, қоғам қайраткері. 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшырады және ату жазасына кесілді. 1910 ж. Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданына қарасты жерде дүниеге келген, оның әкесі Дүйсебай қажы Омбы облысына отбасымен қоныс аударған. Болашақ жазушының әкесі сауатты адам болған, балалары жақсы білім алғанына құлшынған.

Қ. Кемеңгеров Омбы шіркеу мектебінде дәріс алған, кейін ветеринарлық-фельдшерлік мектептің екі сыныбын тамамдаған. 1913 ж. ол Омбы ауылшаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Училищені бітірген соң Омбы политехникалық институтына оқуға түседі. 1920 жылы ол ауылшаруашылығы институтының зооветеринарлық бөліміне түскен.

1915 ж. 19 жасында Қ. Кемеңгеровтің «Айқап» журналында өлеңдер топтамасы шыққан, солардың ішінде: өз өлеңдері, орыс ақындарының аударма өлеңдері бар. Өлеңдердің арасында А.С. Пушкиннің «Пайғамбар» өлеңінің қазақша нұсқасы бар. Тіл мамандары түпнұсқаға деген ұқыптылықты атап көрсеткен және Пушкин өлеңінің өлшеміне жақындықты атап айтқан. Шығыс-Сібір медициналық институтында төрт курс оқыған соң, ол Ташкентке аттанып, Орта Азия университетінде және жұмысшы факультетінде, әскери училище тыңдаушыларына қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқып медицина факультетінің аспиранты атанған. Сол кезде публицистика, пьесалар, газеттерге мақалалар жазады.

Ол «Алқа» әдеби үйірмесінің жұмысына араласқан, 1924 жылы Ташкентте «Сана» атты ғылыми-танымдық журналды редакциялаған, «Ақ жол» газетін шығаруға қатысқан. 1926 ж. республикалық қазақ ұлттық театры біздің жерлесімізбен жазылған «Алтын сақина» пьесасымен шымылдығын ашты. Оның редакторлығымен 1925 ж. Мәскеуде алғашқы орысша-қазақша сөздік

жарық көрді. Сол жылы «Бывшие угнетенные народы» кітабы, бір жыл бұрын «Из истории казахов», ал 1928-1929 жж. – қос кітап «Учебное пособие для европейцев» жарық көрді.

Алғашқы тұтқындау 1930 ж. болды. Көрнекті қазақ әдебиет танушылары, «Алаш» партиясының бұрынғы мүшелері қуғынға ұшырады. Олардың қатарында Қ. Кеменгеров те бар. 1935 ж. ол босатылып, Омбы облысына оралды, Щербакуль аудандық денсаулық сақтау бөлімінде нұсқаушы болып жұмыс істей бастады. 1937 ж. 7 тамызда – қайта тұтқындалды. Тергеуде оған қайта өткен іс бойынша сұрақтар қойылды, контрреволюциялық әрекетке қатысы барын мойындауды талап етті. 82 істі болған адамның ішінен 64 адам ату жазасына кесілді, солардың арасында Кеменгеровте болды.

Бұқар жырау атындағы Павлодар әдебиет және өнер мұражайында Сібір әскери округінің Әскери трибуналының анықтама көшірмелері сақтаулы. Новосибирск қаласы, 17 тамыз 1957 ж.: «... Қылмыстық мазмұнының жоқтығынан іс тоқтатылды. Қ. Кеменгеров қайтыс болғаннан соң ақталды...». Оның есімімен Баянауылда мектеп және Астана қаласында көше аталған.

Әдебиеттер:

Кеменгеров Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2002. - 4 т. - 490 - 491 б.

Ұлтжанды азамат [Қ. Кеменгеров] // Алдабергенев Қ. М. Бір туар дара тұлғалар / Қ. М. Алдабергенев, Е. М. Арын, Б. Т. Баткеева. - Павлодар, 2003. - 194 - 198 б.

Кеменгеров Қошмұхамбет Дүйсебайұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 262 б.

Кеменгеров Қошмұхамбет Дүйсебайұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 376 - 377 б.

Артықбаев Ж. Құт орнап, кие қонған Баянауыл: [Баянауыл жерінен шыққан атақты жерлестер туралы] // Мәдени мұра. - 2011. - № 4 (шілде - тамыз). - 47 - 53 б.

Серікбаева Н. Ұлт мүддесін биік ұстаған: Қошке Кеменгеровтің туғанына - 115 жыл // Сарыарқа самалы. - 2011. - 14 шілде. - 5 б.

Аяғанов М. Қошке есімі неге елеусіз қалды?: [Алаш қайраткері, ғалым, драматург, педагог, жазушы Қ. Кеменгерұлы жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2013. - 12 ақпан. - 8 б.

Жұмағұл С. Ұлтын сүйген тау тұлға: [Қоғам қайраткері Қ. Кеменгерұлы туралы] // Ана тілі. - 2015. - 1 - 7 қазан (№ 39). - 1, 6 - 7 б.

Жұмағұл С. Ұлтын сүйген тау тұлға: Қошке Кеменгерұлының туғанына 120 жыл толу қарсаңында // Сарыарқа самалы. - 2015. - 22 желтоқсан. - 12 - 13 б.

Қайыров Е. Дара дарын, қарымды қаламгер: Қошке Кеменгеровтің туғанына - 120 жыл // Сарыарқа самалы. - 2016. - 14 шілде. - 7 б.

Кеменгер Қ. Қошкенің хаттары: [Драматург, әдебиетші, аудармашы Қ. Кеменгерұлының қайраткерлермен қызметтік, адами байланыста жазылған хаттары туралы] // Ана тілі. - 2018. - 26 шілде - 1 тамыз (№ 30). - 6 б.

Кеменгер Қ. "Түріктің алтын бесігі - Алтай, ер жетіп, өсіп-өнген ордасы - Түркістан": Алаш қайраткері Қошке Кеменгерұлы туралы // Найзатас. - 2019. - № 1. - 4 - 15 б.

Артықбаев Ж. О. "Алтын сақина": [Павлодар облысының жазушысы Қ. Кеменгерұлының "Алтын сақина" пьесасы туралы] // Қазақстан әйелдері. - 2019. - № 2. - 14 - 15 б.

Ордабеков С. Қазақтан шыққан тұңғыш дәрігерлер: Атамекен ардақтылары // Ақиқат. - 2020. - № 10. - 75 - 84 б.

Қайыров Е. Ажалды жеңген махаббат: [Алаш қайраткері, жазушы, драматург Қошке Кеменгеров жайлы] / Е. Қайыров // Сарыарқа samaly. - 2020. - 28 мамыр. - 17 б.

Қанатбекұлы Н. Атақты жерлестеріміздің есімдері асқақтады: [Павлодар облысында туып-өскен, елімізге танымал бірқатар тұлғалардың есімдері жаңғыруда] // Сарыарқа samaly. - 2021. - 18 наурыз. - 6 б.

Қайыров Е. Сүйгенім - елім, кең далам...: Қошмұхамед Кеменгеровтің туғанына - 125 жыл // Сарыарқа samaly. - 2021. - 8 шілде. - 14 - 15 б.

Байжанова Б. Талант тағдыры: Қошке Кеменгеровтің туғанына - 125 жылы // Сарыарқа samaly. - 2021. - 13 шілде. - 5 б.

Жұбай О. Қошке Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы: Алаштану ғылымы // Ақиқат. - 2022. - № 1. - 41 - 48 б.

Қамзабекұлы Д. Қ. Кеменгерұлы мұрасындағы рухани құндылықтар туралы пайымдар:

[Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы Қ. Кемеңгерұлының прозада, драматургияда, ғылымда қалтырған мұрасы туралы] // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2022. - № 1.- 21 - 25 б.

Әбжанов Х. Қошке Кемеңгерұлы және қуғын-сүргін қасіреті: [Алаш қайраткері, жазушы, ғалым Қ. Кемеңгерұлы қуғын-сүргіннің азабын тартқаны жайлы] // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2022. - № 3. - 3 - 18 б.

Шотбайқызы А. Қошке Кемеңгерұлының есімі берілді: [Нұр-Сұлтандағы № 49 мектепке Алаш ардақтысы Қ. Кемеңгерұлының есімі берілді] // Egemen Qazaqstan. - 2022. - 24 мамыр. - 11 б.

Боранбаева А. Құнды еңбек табылды: [Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінде жазушы Қ. Кемеңгерұлының "Қазақ тарихынан" атты кітабы бар] // Saryarqa samaly. - 2023. - 23 ақпан. - 10 б.

Қапанұлы М. "Қазақ тарихынан" қалай жазылды?: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музей қызметкерлері Қ. Кемеңгерұлы мен А. Байтұрсынұлының XX ғасырдың басында жарық көрген көне кітаптары мен мерзімді басылымдарды тапты] // Egemen Qazaqstan. - 2023. - 23 ақпан. - 18 б.

Абайхан Ж. Тартыспен өткен тағдыр: [Алаш қайраткері Қ. Кемеңгерұлы туралы] // Ana tili. - 2024. - 4 шілде (№ 26). - 11 б.

Кемеңгерұлының "Алтын сақина" пьесасының қолжазба нұсқасы табылды // Egemen Qazaqstan. - 2024. - 13 желтоқсан. - 12 б.

15 шілде

Бекболат Манапұлы Хазыровтың
туғанына 100 жыл (1926-2021)

Ресей Федерациясы, Түмен облысы, Сеитов ауылында туған. Кеңес, партия қызметкері, публицист, өлкетанушы, Павлодар облысының құрметті тұрғыны, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Алматы шекарашылар училищесін және Орджоникидзе қаласындағы командалық училищесін (1948) бітірген. 1944 жылы майданға жіберіліп, Жапониямен болған соғысқа қатысқан. 1949 жылға дейін әскери 43 қызметте болған (Балтық маңында). 1949 жылы Павлодарға келіп, 1954-1986 жылдары қалалық комсомол комитетінде қызметтерлік атқарған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін публицистикамен айналысты.

В. И. Щербинкомен бірігіп 3 томдық облыстық «Естеліктер кітабын» (1994-1997) шығарды. Оның басшылығымен 1965-1985 жылдары Павлодар облысының әкімшілік-аймақтық бөлінісі туралы 5 анықтамалық жарық көрді. Отан соғысы ордендері және медальдармен марапатталған. Облыс әкімі сыйлығының (1996) және Қазақстан журналистері сыйлығының (1991) лауреаты.

Әдебиеттер:

Хазыров Бекболат Манапұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. – 714 - 715 б.

Хашымқызы Қ. Қаһарман қаламгер: [Өңірге белгілі жазушы Б. Хазыров 90 жасқа толды] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 21 шілде. - 6 б.

Хашымқызы Қ. Ардагер ғұмыры - өнеге: [Тұңғыш Президент күніне орай аймақ басшысы Б. Бақауов Ұлы Отан соғысының ардагері Б. Хазыровтың шаңырағында болып, мерекемен құттықтады] // Сарыарқа самалы. - 2018. - 1 желтоқсан. - 2 б.

Сахаба Т. Ғасырға таяған Хазыров: [Тарихшы, өлкетанушы, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Б. Хазыров жайлы] // Saryarqa samaly. - 2020. - 21 сәуір. - 6 б.

15 шілде

Николай Дмитриевич Марчевскийдің
туғанына 80 жыл (1946-2003)

Павлодар облысы, Ертіс ауданында туған. Журналист, "Ертіс" аудандық газетінің әдеби қызметкері, 1980 жылдан бастап "Прииртышье жұлдызы" облыстық газетінің меншікті тілшісі, "Прииртышье жұлдызы" редакциясында және облыс әкімінің баспасөз қызметінде бөлім меңгерушісі.

20 тамыз

Төкен Қайырбекұлы Қайырбековтің

туғанына 95 жыл (1931-2012)

Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Әжі ауылында туған. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Павлодар қаласының Құрметті азаматы. 1957 жылы Алматы мемлекеттік институтын бітірген. 1957-1959 жж. Вишневок аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері. 1959-1964 жж. Ақмола облысы, Қорғалжын орталық ауруханасының дәрігері. 1964-1965 жж. Тың өлкесі денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісінің орынбасары. 1965-1985 жж. Павлодар денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі. 1985 жылдан бастап медицина қызметкерлері одағы облыстық комитетінің төрағасы. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

ҚайырбековТөкен Қайырбекұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 427 б.

28 тамыз

Сапар Түсіпбекұлы Түсіпбековтің

туғанына 90 жас (1936)

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақши ауылында туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор, дәрігер-ғалым. 1960 жылы Қарағанды медицина институтын бітірген.

1960-1967 жж. ҚазКСР ҒА Еңбек Аурулардың алдын алу мен еңбек гигиенасы институтында аға ғылыми қызметкер, рентгендік диагностика зертханасының меңгерушісі, 1967 жылдан бастап Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтында ассистент, рентгенология кафедрасының меңгерушісі, доцент болған. 1973 жылдан бастап сәулелік диагностика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Негізгі ғылыми еңбектері ауруларды рентгендік диагностикалау саласына арналған. Түсіпбеков рентген-радиологиялық әдістемемен гепато-панкреатодуоденальды аймағын зерттеу салыстырмалы баға берген.

100-ден астам ғылыми жұмысы жарияланған.

ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Әдебиеттер:

Түсіпбеков Сапар Түсіпбекұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 702 б.

1 қыркүйек

Федор Васильевич Яциктің

туғанына 70 жас (1956)

Павлодар қаласында туған. Суретші-пейзажист, график, педагог, 1989 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Республикалық, аймақтық және облыстық көрмелердің қатысушысы. 1981 жылы П. А. Власов атындағы Астрахань суретшілер училищесін бітірген. Негізгі жұмыстары: «Раушандар» графикалық сериясы, «Затон» офорт сериясы, «Ертістегі таң», «Рокер», «Металлист», «Саяхатшы». Кескіндеме туындылары: «Кеңістік», «Күнәкарлар», «Ескі бұға», «Күннің аяқталуы», «Ертістегі түс».

Әдебиеттер:

Яцик Федор Васильевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 754 б.

3 қыркүйек

Вадим Евгеньевич Овчинников

туғанына туғанына 75 жыл (1951-1996)

Суретші, ақын, прозаик, музыкант, 1980-1990 жылдардағы ленинградтық андеграунд өкілі. Павлодарда туған, он сегіз жасынан бастап суретші-безендіруші болып жұмыс істеген. Ағасы Александр сияқты, павлодарлық суретші В. Ф. Поликарповтан шеберлікті үйренген.

1973 жылы Ленинградқа көшіп, онда бір жыл В. И. Мухина атындағы ЛВХПУ-да дайындық курстарында оқыған. 1982 жылы ТЭИИ Эксперименталдық Бейнелеу Өнерінің Тамырластығына кірген. «Жаңа суретшілер» тобына кірген. Табиғат пен тұрмыс тіршілігі туралы бірқатар монументалды туындылардың авторы.

3 қыркүйек

Ғалиябану Махметқызы Кертаеваның туғанына 80 жас (1946)

Педагогика ғылымдарының докторы (2005), профессор (2005), Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1983), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005), ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі (2009), Халықаралық акмеология (1995) және Халықаралық педагогикалық білім беру (2007) ғылымдары академияларының корреспондент мүшесі. Павлодар ауданы Ефремовка ауылында туған.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтын (1968, қазіргі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті) бітірген. 1968-1987 жылдары Павлодар қаласындағы мектептерде мұғалім, 1987-1995 жылдары Павлодар педагогикалық училищесінде оқытушы, бөлім меңгерушісі, 1995-1997 жылдары Павлодар мемлекеттік университетінде аға оқытушы, 1997-2005 жылдары доцент қызметтерін атқарды. 2003 жылдан кафедра меңгерушісі.

120-дан астам ғылыми жарияланымның, ішінде 2 монография, 3 оқу оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік құралы, 1 электронды оқу құралы мен 3 бағдарламаның авторы. Ғ. М. Кертаева Ы. Алтынсарин атындағы 2 сыйлықтың (2005), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2007). С. Торайғыров атындағы алтын медальмен марапатталған.

Әдебиеттер:

Кертаева Ғ. М. Мемлекеттің тілдер туралы саясатын білім беру жүйесі арқылы іске асыру . - өңделіп, толықтырылған, екінші басылымы. - Павлодар, 2001. - 75 б.

Кертаева Ғ. М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология: ғылыми басылым. - Алматы: Ғылым, 2002. - 223 б.

Кертаева Ғалиябану Махметқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 382 б.

21 қыркүйек

Мәшһүр Жүсіп мешітінің ашылғанына 25 жыл (2001)

Облыстық бас мешітіне белгілі ақын, жазушы, философ, фольклортанушы, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі берілген. Бұл дөңгелек пирамида тәрізді ғимарат Қазақстанда мұндай пішіндегі жалғыз сәулет құрылысы. Мәшһүр Жүсіп мешітін алматылық сәулетші Т. С. Әбділда, т.б. авторлар игілікті орындаған. Ішкі құрылымы: Аллаға құлшылық жасау үйі, ағарту, игілікті істердің орны, т.б.

Мешіт киіз үй шаңырағына ұқсас құрастырылған негізгі күмбезімен ерекшеленеді. Оның аймен бірге биіктігі 54 м. Минареттің биіктігі 63 м. Ғимараттың периметрінің аумағы 48x48 м. Архитектура әсемдігі, ғимараттың зүбәржат түсінің тартымдылығы, классикалық стильдегі қасбеттік бөлімдегі алтын түстес мәнзарамен үйлескен. Мешіттің ішкі интерьерін өте сирек кездесетін 7 ярусты хрусталь люстра «Зумрад» безендіреді, 130 мың хрусталь элементтері мен 434 шамнан құралған. Ғимараттың жалпы ауданы 7240 шаршы метр. Екі намаз залы бар: ерлер залына 1500 адам, әйелдер залына 300 адамға дейін сыяды. Бірінші қабатта мұсылман мәдениетінің мұражайы, кітапхана, неке қию залы, 400 орындық асхана, дәрет алу бөлмесі,

сынып бөлмесі, сонымен қатар мешіт жанында Қазақстандағы діни бірден-бір оқу орны, медресе бар.

Павлодар қаласында Мәшһүр Жүсіп мешітінің салтанатты ашылу күнінде Мешіт құрылысына қамқоршылық кеңесі және облыстық архивтер департаменті шығарған «Павлодар Ертіс өңіріндегі ислам тарихынан. 1919-1999 жж.» құжаттар жинағы жарық көрді. Жинақтың шығарылуы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналды.

Әдебиеттер:

Мәшһүр Жүсіп мешіті // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 489 б.

Еріктілер клубы құрылды: [Павлодар облыстық Мәшһүр Жүсіп орталық мешіті жанында "Ықылас" еріктілер клубы құрылды] // Saryarqa samaly. – 2020. – 7 наурыз. – 7 б.

Құрылыс мәдениетіне серпіліс керек: [Облыс әкімі Ә. Сқақов павлодарлық "Шахмат үйін", Мәшһүр Жүсіп мешіті аумағындағы саябақты жаңа кейіпке келтіру жобаларымен таныстырылды] // Saryarqa samaly. – 2020. – 21 сәуір. – 2 б.

Сахаба Т. Ислам қалай келді?: [Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінің баспасөз хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты, өңірімізге белгілі қаламгер А. Тойшыбайұлының жаңа кітабы жарық көрді] // Saryarqa samaly. – 2020. – 27 маусым. – 12 б.

Жария садақаның бірі - құдық қазу: [Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) құрылғанына – 30 жыл] // Saryarqa samaly. – 2020. – 9 шілде. – 10 б.

Бетперде таратты: [Облыстық Мәшһүр Жүсіп орталық мешіті жанындағы "Әйел-қыздар" секторының ұстаздары мен шәкірттері 1500 дана бетпердені тегін таратты] // Saryarqa samaly. – 2020. – 25 шілде. – 3 б.

Сахаба Т. Тұрғындарға - тамаша мүмкіндік: [Аймағымыздың Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінің алдында жеке кітапхана мен әсем субұрқақтар салынуда] // Saryarqa samaly. – 2020. – 15 қазан. – 20 б.

Мешіт ауласы көркейеді: [Рухани келісім күніне орай Мәшһүр Жүсіп мешітінің аумағында Конфессиялар достығы аллеясы құрылып, ағаш отырғызылды] // Saryarqa samaly. – 2020. – 22 қазан. – 17 б.

Қожанов О. Көріктал - бақ көркі: [Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіттің айналасы баққа айналуға] // Saryarqa samaly. – 2021. – 13 мамыр. – 8 б.

Сахаба Т. Елді ұйытқан имандылық ордасы: Мәшһүр Жүсіп орталық мешітіне - 20 жыл // Saryarqa samaly. – 2021. – 25 қыркүйек. – 12 б.

Құдайбергенова Г. Кітапхана ісінің шебері: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханасының ардагері, бүгінгі таңда Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінің кітапханашы Н. Ғ. Шайкенова жайлы] / Г. Құдайбергенова, Ж. Қажыбаева // Saryarqa samaly. – 2022. – 20 қаңтар. – 18 б.

Тойшыбайұлы А. Ғибратқа толы кеш: [Мәшһүр Жүсіп мешітінің "Әйел-қыздар" секторының ұйымдастыруымен "Мәуліт айы құтты болсын" атты рухани кеш өтті] // Saryarqa samaly. – 2023. – 19 қазан. – 14 б.

Сахаба Т. "Дін мен дәстүрдің" тұсауы кесілді: [Облыстық Мәшһүр Жүсіп мешітінде "Дін мен дәстүр" кітабының таныстырылымы] // Saryarqa samaly. – 2024. – 12 желтоқсан (№ 50). – 20 б.

"Аналар шаңырағы" ашылды: [Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінің жанында "Аналар шаңырағы" жобасы құрылды] // Saryarqa samaly. – 2025. – 27 наурыз (№ 12). – 25 б.

27 қыркүйек

Серік Шәкібаевтың

туғанына 100 жыл (1926-1999)

Павлодар қаласында туған. Жазушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы. ҚазМУ-ды бітірген, ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет еткен. 1960-1975 жж. Қостанай қалалық партия комитетінің мүшесі, қалалық халық депутаттары кеңесінің депутаты. 1983 жылдан – Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облысы бойынша әдеби кеңесшісі.

Көптеген медальдармен, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Шығармалары: «Үлкен Түркістанның күйреуі» романы, «Падение большого Туркестана» романы, «Чоң Түркестанның қирашы» романы, «Чрезвычайна комиссия» ізденіс кітабы, «Көтеріліс» романы.

30 қыркүйек Павлодар облысының таңбасы бекітілгеніне 15 жыл (2011)

Павлодар облысының таңбасында ҚР мемлекеттік рәміздерінің белгілері берілген. Таңбаның түсі мемлекеттік рәміздер түсіне негізделген – көгілдір түстің алтын түспен үйлесуі тәуелсіз мемлекет халықтарының бірлігі мен гүлденуінің белгісі.

Өткен салт-дәстүрлерімізді ұстану белгісі ретінде логотипте қазақ ұлттық ою-өрнегі бейнеленген. Орта бөлігінде ҚР Елтаңбасының негізгі идеясынан алынған – киіз үйдің шаңырағы бар. Шаңырақ – отбасы құт-берекесінің, бейбітшілік пен тыныштықтың нышаны, киіз үйдің түндігі көгілдір ашық аспан астындағы жарқыраған күнді елестетеді. Ал таңбаның ортасынан бастап көгілдір кеңістік бойымен таралған уықтар – өмір мен жылудың көзі есептелетін күн сәулесі іспеттес.

2011 жылдың 3 қазанында облыстық мәслихат депутаттары сессиясында облыс тарихында бірінші логотип бекітілді. Облыс таңбасының конкурс қорытындысын аймақтық мәдениет басқармасы жариялады. Конкурста комиссия Қасымхан Жапановтың еңбегін жоғары бағалады.

Әдебиеттер:

Павлодар облысының таңбасы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 594 б.

Айтпайұлы Д. Жаңа жетістіктер нышаны: облыс логотипі бекітілді // Сарыарқа самалы. - 2011. - 1 қазан. - 2 б.

Сахаба Т. Таңдау қайсысына түсер екен? // Сарыарқа самалы. - 2015. - 13 тамыз. - 20 б.

1 қазан Муза Николаевна Пахомованың туғанына 105 жыл (1921-2010)

Ресей Федерациясы Омбы облысы Тара қаласында туған. Павлодар қаласының кітапхана ісінің ардагері, ҚазКСР еңбек сіңірген кітапханашысы. 1942 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын бітірген. 1929 жылдан Павлодарда. 1942 жылы облоно инспекторы, 1943-1947 жылдары комсомол қалалық комитетінің нұсқаушысы, МП ұйымының жауапты хатшысы, ағарту қызметкерлері кәсіподағы обкомында бухгалтер. №1 қалалық кітапхананың меңгерушісі. Үкіметтік марапаттаулардың иегері.

Әдебиеттер:

Пахомова Муза Николаевна // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 603 б.

1 қазан Жар Нұрымханұлы Қапесовтің туғанына 80 жас (1946)

Педагог-балетмейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Театр қайраткерлері одағының мүшесі, Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі. Павлодар қаласында туған. 1966 ж. Алматы хореография училищесінің классикалық би бөлімін бітірген. 1971 ж. А. В. Луначарский атындағы Мәскеу мемлекеттік театр өнері институтын бітірген. 1970-1975 жж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында педагог-балетмейстер, Мемлекеттік эн-би ансамблінде балетмейстер-қоюшы болып жұмыс істеді. Алматы хореография училищесінде педагогикалық қызметпен айналысты. 1980 жылдан бастап Алматы театр және кино институтында (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) доцент, кафедра меңгерушісі, декан болды.

1985 ж. Мәскеудегі XII Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестиваліндегі «Халықтар достығы» сюитасының қоюшылар тобының мүшесі болды. «Сары-Арқа», «Ой жайлау», «Арман» вокалды-хореографиялық ансамбльдерін құрды. Торғай, Павлодар, Қызылорда, Алматы, Жезқазған және Омбы музыкалық-драма театрларының спектакльдерінде билер қойды. Олардың ішінде: «Айман-Шолпан», «Алдар Көсе», «Қыз Жібек», «Ревизор», «Ерте-ерте-ертеде» және т.б.

4 қазан **Бақытжан Мұсақанұлы Қанапияновтың** туғанына 75 жас (1951)

Ақын, әдебиетші, аудармашы, сценарист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Б. М. Қанапиянов 1951 жылы Көкшетау қаласында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Қанапияновтың балалық және мектеп жылдары Павлодарда өтті. Дәл осында оның ақындық қабілеті айқын көрінді. 1969 жылы орта мектепті бітірген соң, Қазақ политехникалық институтының металлургия факультетіне оқуға түсті. 1974 жылы инженер-металлург мамандығы бойынша диплом алды. 1974-1975 жж. ҚазКСР ҒА Металлургия институтында инженер-зерттеуші болып жұмыс істеді. Содан кейін, 1975 жылы "Қазақфильм" киностудиясына ауысты. 1977 жылы молдова ақыны және кинорежиссері Эмиль Лотянудың жоғары режиссер-сценарист курстарын бітірді. 1981-1983 жж. ақын Александр Межировтың жоғары әдеби курстарында тыңдаушы болды. 1988 жылы М. Горький атындағы Мәскеу әдебиет институтын бітірді.

Б. Қанапияновтың жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағы "Түнгі салқындық" О. Сүлейменовтің қолдауымен 1977 жылы шықты. Одан кейін "Көріністер", "Әлем сезімі", "Тағдыр жолы", "Припять үстіндегі тырна", "Көшпелі жұлдыз", "Торлы шет аймақ", "Тіршілік деңгейінен жоғары", "Бұлттар жүзіп барады", "Ғасырөлшеуіштер" жинақтары, "Кофе-брейк" атты мақалалар, эсселер, диалогтар кітабы жарық көрді. Қанапияновтың қазақ тілінен аударған "Көшпелі демалыс" және "Қыз Жібек" лиро-эпостық поэмасы бар. Ол Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын аударған.

1984-1991 жылдары "Жалын" баспасында аға редактор, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1991 жылдан бастап "Жібек Жолы" баспа үйінің президенті. Ол құрған баспа үйі қысқа мерзімде лайықты даңқ пен беделге ие болды. Көптеген басылымдары Мәскеу, Франкфурт, Париж, Иерусалим, Алматы, Астана қалаларындағы халықаралық кітап көрмелері мен жәрмеңкелерінде бірнеше рет қойылды, дипломдар мен сыйлықтарға ие болды.

Әдебиетгер:

Қанапиянов Б. М. Тікшырқау: өлеңдер мен поэмалар Б.М. Қанапиянов.; құрастырушы С. Ақтаев; суретші Е. М. Асылғазы. – Алматы: Жібек Жолы, 2000. – 159 б.

Қанапиянов Б. М. Шығармалары: екі томдық. Т. 1 / Б.М. Қанапиянов.; құрастырушы Б. Хабдина; суретші Е. Оспанов, Б. Ильин. – Алматы: Жібек Жолы, 2020. – 557 б.

Қанапиянов Б. М. Шығармалары: екі томдық. Т. 2 / Б.М. Қанапиянов.; құрастырушы Б. Хабдина. – Алматы: Жібек Жолы, 2020. – 691 б.

Қанапиянов Бақытжан Мұсақанұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 431 – 432 б.

Қанапиянов Б. Жұлдызды түгел тарыдай септім уыстан...: [Ақын Б. Қанапияновтың шығармашылығы мен өлеңдері] // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 19 ақпан (№ 7). – 14 - 15 б.

Қанапиянов Б. Жүрек жылуы: (Үзік сыр) // Қазақ әдебиеті. - 2021. - 14 мамыр (№ 20). – 11 б.

Дулатова Г. Мәңгілік мирас: [Ақын Б. Қанапияновтың 70 жасына орай] // Naizatas. – 2021. – № 4. – 52 – 56 б.

Жайлыбай Ғ. Бақытжан Қанапияновқа: Өлең // Naizatas. – 2021. – № 4. – 58 б.

Салықов К. Қанапиянов әлемі: [Ақын Б. Қанапияновтың шығармашылығы туралы] // Naizatas. – 2021. – № 4. – 43 – 51 б.

Ақсұңқарұлы С. Алаш ақындары: [Павлодар облысының ақыны Б. Қанапияновқа арналған өлең] // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 25 б.

Ақтаев С. Бұлан жырлы бұла ақын: [Павлодар облысының ақыны Б. Қанапиянов туралы] // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 13 – 18 б.

Талғамы биік қаламгер: [Павлодар облысының ақыны Б. Қанапияновтың туғанына 70 жыл] // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 19 – 21 б.

Салықов К. Ұстазымның соғып тұрған жүрегі: [Павлодар облысының ақыны Б. Қанапияновқа арналған өлең] // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 22 – 23 б.

Сариев Ш. Жыр–шашу: [Павлодар облысының ақыны Б. Қанапияновқа арналған өлең] // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 23 – 24 б.

Мархаба Т. Жыр мен сурет үйлесімі: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханасы балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубымен бірлесе отырып, ақын, жазушы, аудармашы, жерлесіміз Б. Қанапияновтың "Достояние души" жинағын көпшілікке насихаттаудың ерекше түрін қолға алыпты] // Saуaғqа samaly. – 2021. – 18 мамыр. – 8 б.

Жаһан ақыны – жан бақыт: [Ақын Б. Қанапияновтың 70 жасына орай қаламгерлердің ой-толғанысы] // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 15 қазан (№ 42). – 10 – 11 б.

Оразалы Т. Ақынмен жүздесу: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханасында ақын, ҚР мәдениет қайраткері Б. Қанапияновпен кездесу өтті] // Saуaғqа samaly. – 2021. – 9 қыркүйек. – 18 б.

Хабдина Б. Жан Бақыттың жаңа кітаптары: [Германияның "Runde Verlag" баспасынан ақын Б. Қанапияновтың екі кітабы жарық көрді] // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 27 қаңтар (№ 3). – 17 б.

Хабдина Б. "Өнегелі өмірдің" жаңа кітабы: [Ақын Б. Қанапияновтың "Өнегелі өмір" сериясынан кітабы жарық көрді] // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 5 мамыр (№ 18). – 13 б.

10 қазан

Әнуар Қаниұлы Қалиевтің

туғанына 95 жыл (1931-1991)

Режиссер, актер, драматург. Павлодар қаласында туған. 1964 жылы Н. К. Крупская атындағы Мәскеу өнер университетін бітірген. 1947 жылы Павлодар біріккен қазақ-орыс драма театрының артисі. 1950-1959 жж. Ж. Шанин атындағы театрдың (Шымкент қаласы) артисі. 1960 ж. облыстық мәдениет және өнер бөлімдерінде қызмет атқарған. 1965-1970 жж. облыстық теледидарында жетекші режиссер. «Майра», «Сырласу» ірі телебағдарламаларының режиссері. 1970-1987 жж. І. Байзақов атындағы облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі. 1988-1989 жж. ҚР Музыкалық қоғамының Павлодар облыстық бөлімшесінің төрағасы.

«Көгілдір Жасыбай», «Ертіс оттары», «Фестиваль», «Пионерия» балалар филармониясын, қазақ-музыкалық лекторийін құрды.

Республика халық театрларының репертуарына енген 14-ке жуық пьеса, скетчтер, т.б. шығармалар жазды. Солардың ішінде «Мен кінәлі», «Сен жалғыз емессің» (1969 ж.), «Мүнира» (1969 ж.), «Оянған ар» (1971 ж.) және т.б.

Д. Приймакпен бірлесіп, З. Акишевтің «Жаяу Мұса» пьесасын орыс тіліне және Сирия жазушысы Мовахи әл-Хаямидің «Коробка спичек» әңгімесін қазақ тіліне аударған.

Ә. Қалиев бірнеше медальдармен және төс белгілермен марапатталған.

Әдебиеттер:

Қалиев Әнуар Қаниұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 429–430 б.

Елемесұлы Алтынбек. Есімі құрметтелді: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде режиссер, актер, драматург Әнуар Қаниұлы Қалиевтің 90 жылдығына орай еске алу кеші өтті] // *Saryarqa samaly*. – 2021. – 16 қазан. – 12 б.

Әйтемов С. Теледидардың тұсауын кескен: ["Ертіс" телеарнасына 60 жыл толуына орай режиссер, актер Ә. Қалиев туралы] // *Saryarqa samaly*. – 2025. – 24 шілде (№ 29). – 26 – 27 б.

15 қазан

Қабдырахман Дүйсембіұлы Дүйсембиннің туғанына 95 жыл (1931)

Павлодар облысы, қазіргі Успен ауданы, Үшкөл ауылында туған. Физиолог–ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық интеграциялық антропология академиясының академигі. 1953 жылы ҚазМУ–дың биология–топырақтану факультетін бітірген. 1957–1981 жж. ҚазКСР ҒА физиология институтында жұмыс істеді. 1981–1990 жж. әл–Фараби атындағы ҚазМУ–дың адам және жануарлар физиологиясы кафедрасының меңгерушісі. 1990 ж. Ғылым министрлігі ҚР ҒА адам және жануарлар физиологиясы директоры, Қазақ физиология қоғамының вице–президенті. Ол физиология саласында жаңа бағыт лактацияның нейрогормондық реттелуінің негізін салды. Сүт бездері клеткаларындағы гормондар, жүйке медиаторлары мен рецепторларының байланысын зерттеді.

Негізгі жарияланымдары: «Ауыл шаруашылығы жануарларының сүт безі қызметі», «Жануарлардағы лактацияның тежелуі мен стимуляциясы», «Жануарлардағы сүт беруді стимуляциялау», «Гипогалактия».

Әдебиеттер:

Дүйсенбин Қабдырахман Дүйсенбіұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 291 – 292 б.

15 қазан

Арғын Арынұлы Сүлейменовтің туғанына 110 жыл (1916–1998)

Қызылқұрама ауылында туған, қазіргі Павлодар облысы Май ауданы. Хирург–онколог, ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері, денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор, ҚР Медицина ғылымдары академиясының құрметті академигі. 1940 жылы Алматы мемлекеттік институтын бітірген. Соғыс жылдары Баянауыл ауданында дәрігер болып жұмыс істеген. 1939–1973 жж. сол институтта факультеттік хирургия кафедрасының ассистенті, доценті, оқу ісі жөніндегі проректор. 1973 жылдан Онкология және радиология ғылыми–зерттеу институтының директоры. Оның 244 ғылыми еңбегі мен 4 монографиясы жарық көрген, соның ішінде «Құрама сәулелік зақымдануды кешенді емдеуде қанды алмастыру», «Сүйектің қатерсіз ісіктерін емдеу» және т.б.

Бүкілодақтық онкологтар қоғамы президиумының мүшесі, Қазақстан Республикасы онкологтар қоғамының басшысы, «Онкология мәселелері» журналының редколлегия мүшесі болды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Мақтау қағаздарымен, 5 медальмен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Сүлейменов Арғын Арынұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 670 б.

16 қазан

Алексей Карпович Новокшановтың
туғанына 100 жыл (1926–2001)

Ресей, Алтай өлкесі, Хабар ауылында туған. Педагог, ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі, ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Майдан даласында 1943–1945 жж.

1952 ж. Омбы педагогикалық институтын бітірген. 1947–1957 жж. Павлодар қаласы № 11 орта мектебінде тарих пәні мұғалімі, 1957–1965 жж. № 3 жаңа орта мектебінің директоры, 1965–1987 жж. халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Новокшанов Алексей Карпович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 518 б.

25 қазан

Қайролла Түсіпұлы Жүзбасовтың
туғанына 85 жыл (1941-1995)

Музыка теориясын зерттеуші, өнертану кандидаты, Қазақ КСР Композиторлар одағының мүшесі (1982 ж.). Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың ауылында туған. 1963 ж. Павлодар музыкалық училищесін бітірген. 1970 ж. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. 1970–1995 жж. ҚР ҰҒА Ә. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. Әртүрлі ғылыми жұмыстармен айналысқан. Оның жұмысының негізгі ғылыми бағыттары дәстүрлі қазақ музыкасының музыкалық–теориялық және тарихи мәселелері; халықтық кәсіби әнші–композиторлар; қазақ халық әндері мен күйлерінің, терме мен толғаулардың нотографиясы саласындағы қалпына келтіру мәселелері.

Қ.Т. Жүзбасовтың Қазақстан басылымдарында 100–ге жуық мақаласы жарияланған.

2 қараша

Қуандық Пазылұлы Жүсіптің
туғанына 85 жыл (1941-2019)

Филология ғылымдарының докторы (1994), профессор (1996), Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі (1991), КСРО (1979) және Қазақстан Жазушылар одағының (1992) мүшесі. Баянауыл ауданының Жаңажол ауылында дүниеге келген. Қазақ педагогикалық институтын (1964, қазіргі Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті), Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (1967) бітірген. 1968-1973 жылдары Семей педагогикалық (қазіргі Семей мемлекеттік университеті) институтында аға оқытушы, 1973-1995 жылдары доцент, 1995-2008 жылдары Екібастұз инженерлік-техникалық университетінде, Екібастұз педагогикалық колледжінде, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған, сонымен қатар республикалық «Абай» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі болған.

2002 жылдан бастап республикалық «Қазақстан мектебі» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі болған. Қуандық Жүсіп «Құрмет» орденімен (2012), С. Торайғыров атындағы алтын медалімен (2010), «Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңіргені үшін» төс белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Мәшһүр-Жүсіпов, Қ. Көркем сөздің құдыреті (Мектепте қазақ әдебиетін, тілін үйрету). - Павлодар: ЭКО, 2000. - 286 б.

Жүсіпов Қ. Қыздар, жігіттер: повесть / Қ. Жүсіпов; құрастырушы, жауапты редактор А. Ж. Құдабаев; бас редактор Е. Арын. - Екібастұз: Вестник, 2013. - 358 б.

Жүсіп Қуандық Пазылұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 356 б.

Елікбай С. Ұстаз. Ғалым. Жазушы: [Жерлесіміз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қ. П. Жүсіп жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 27 қараша. - 18 - 19 б.

Тәттібаева Ф. Ғалым мұрасы мәңгілік: [Жерлесіміз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қ. П. Жүсіптің 75 жасқа толуына орай] // Сарыарқа самалы. - 2016. - 1 қараша. - 5 б.

Қуандық Фазылұлы Жүсіпов: [Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қ. Ф. Жүсіпов 78 жасында дүниеден озды] // Сарыарқа самалы. - 2019. - 24 қазан. - 18 б.

Қуандық Жүсіп: [Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қ. П. Жүсіптің 78 жасында дүниеден озды] // Қазақ әдебиеті. - 2019. - 25 қазан (№ 42). - 23 б.

Сүтжанов С. Шыққан шыңы биік еді: Ғалым-филолог Қуандық Жүсіптің туғанына - 80 жыл // Сарыарқа самалы. - 2021. - 18 қараша. - 16 б.

Мархаба Т. Ғалымның есімі - кабинетте: Торайғыров университетінде бар ғұмырын ғылым саласына арнаған ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Пазылұлы Жүсіптің кабинеті ашылды // Сарыарқа самалы. - 2021. - 23 қараша. - 8 б.

5 қараша

Яков Яковлевич Фрезенің
туғанына 110 жыл (1916-1993)

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері (1966), Қазақ КСР Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Украинаның Донецк облысы Лесовка ауылында туған. Донецк медициналық институтын бітірген (1940). Сол жылы жұмысшы шаруалардың Қызыл Армиясы қатарына шақыртылып, онда 1942 жылдың мамыр айына дейін қызмет еткен. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары 1941 жылдың қарашасына дейін Батыс майданда болып, үш мәрте жеңіл жарақат алған. 1942 жылы сәуір айында КСРО Қорғаныс халкоматының бұйрығымен елге қайтарылып, Магнитогорск қаласындағы №1602 құрылыс әскерінің кадрлық құрамында фельдшер ретінде әскери қызметте болды. 1942-1955 жылдары дәрігерлік телім меңгерушісі, кейіннен өздері жасаған жобамен құрылысы салынып, жаңадан ашылған Май аудандық ауруханасының бас дәрігері әрі хирургі қызметін атқарған. 1955 жылы Павлодар облысының балалар ауруханасында алғаш 25 орынды отоларингологиялық бөлімшесін ұйымдастырып, өзі басқарған. Оның жетекшілігімен облыстық отоларингологтар қоғамы құрылған.

Я. Я. Фрезе медальдармен, құрмет грамоталарымен, төс белгілермен марапатталған.

Әдебиеттер:

Фрезе Яков Яковлевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 714 б.

7 қараша

Дмитрий Капитанович Потаповтың
туғанына 115 жыл (1911–1974)

Кеңес Одағының Батыры. Новосібір облысы, Көшенев ауданы, Прокузеное ауылында туған. Трактористер курсы, кіші командирлер мектебін және байланыс училищесін бітірген. Трактор жүргізуші болып ауылда жұмыс істеген. 1933–1935 жж. әскер қатарында аудандық байланыс торабының жұмысшысы болып борышын өтеді. Екінші мәрте 1940 жылдың басында әскерге шақырылып, 1941 жылдың маусымында майданға жіберіледі. 510–атқыштар полкінің (1–Украина майданының 38–армиясы, 167–атқыштар дивизиясы) рота командирі. Лейтенант Потапов Киев маңында Днепрден өту шайқастарында ерекше көзге түсті. 1943 жылдың қыркүйегінде Днепрден өтіп, плацдармды басып алады да, жаудың бірнеше қарсы шабуылына тойтарыс береді. Потаповтың тобы Киевке алғашқылардың бірі болып кіреді. 1956 жылдан бастап запастағы гвардия майоры Потапов Новосібір қаласында жұмыс істеді. 1965 жылдан бастап Павлодарда ДЭУ–35 жол шебері болды. 1971 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты.

4 орден және медальдармен марапатталған. Павлодардағы батырдың бейітіне бюст орнатылған, бір көшеге есімі берілген.

Әдебиеттер:

Потапов Дмитрий Капитанович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 611 б.

11 қараша

Қажыбек Қамалұлы Баймолдиннің туғанына 80 жас (1946)

Суретші, мүсінші, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі (1981 ж.), Қазақстан суретшілер Одағы басқармасының мүшесі (1987 ж.). Павлодар облысы Ермак қаласында (қазіргі Ақсу қаласы) туған. 1973 ж. Н. В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. Ұстаздары – М. Г. Калимов, Б. П. Пак. 1973 жылдан Павлодар қаласында тұрған және жұмыс істеген. Ерте кездегі туындылары әлемді біріктіру үйлесімінің тұлғалық ізденісімен тартымды.

Жұмыстары – «Архитектор А. Цой» (1978 ж.); «Дед и внук» (1979 ж.); «Ожидание» (1980 ж.); «Мелодия» (1981 ж.). 80-90-шы жж. – хабарлама композициясы мен портреттің ересек шебері, туындылары: «И. Байзақов» (1982 ж.), «Вести 41» (1985 ж.), «Кони» (1986 ж.), «Девочка с кобызом» (1987 ж.), «Абай» (1995 ж.), «Звуки веков» (1996 ж.), «Аблай-хан» (1996 ж.).

Суретші шығармашылығында халықтық-эпикалық дәстүрлер кездеседі. Мысалы, «Закарпатье» (1988 ж.), «Радуга» (1995 ж.), «Иртыш. Утро» (1995 ж.), «Полдень» (1996 ж.), «Баян-Аул» (1996 ж.) пейзаждар топтамасын атап көрсетуге болады. Қ. Қ. Баймолдин облыста және қалада монументалды шығармалар қатарының авторы: Екібастұз ауданындағы «Степной» ауылында орналасқан Ә. Марғұланнның ескерткіші. Баянауыл кентінде МҮ қасбетіндегі панно, «Майқайыналтын» шипажайы бассейніндегі панно, Торайғыр ауылы мәдениет үйіндегі «Қазақстан» жазуы, П. Васильевтің кеуіті, Манақбай базар сауда қатарындағы өрнектелген панно.

Әдебиеттер:

Жұматов Ғ. Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер. - Павлодар: ЭКО, 2008. - 293 б.

Қажыбек Баймолдин // Павлодардың суретшілері = Художники Павлодара: Альбом / құрастырушы А. Бибина. - Павлодар, 2003. - 12 - 19 б.

Жұматов Ғ. Бояу сыры: [Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының мүшесі, Павлодар Суретшілер одағы басқармасының төрағасы Қ. Баймолдиннің шығармашылығы жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2007. - 6 қаңтар. - 3 б.

Ұстаз келбеті: [Павлодар аймағында Ұстазға арналған ескерткіш алғаш рет қойылып отыр] // Шаһар. - 2012. - 7 желтоқсан. - 3 б.

14 қараша

Ғахип Уәлиевтің

туғанына 85 жас (1941–2023)

Ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА–ның академигі. Павлодар облысы, қазіргі Железин ауданы, Еңбекші ауылында туған. 1965 ж. ҚазМУ–ды бітірген. 1965–1970 жж. стажер–зерттеуші, 1970–1973 жж. аға оқытушы, 1973–1983 жж. кафедра меңгерушісі, 1983–1989 жж. механика және қолданбалы математика факультетінің деканы. 1989–1992 жж. ҚазМУ проректоры, 1992–1995 жж. ҚР МАК төрағасының орынбасары. 1995 жылдан ҚазМУ кафедрасының меңгерушісі. 2001 жылдан ҚР БҒМ Механика және машинатану институтының директоры.

100–ден астам ғылыми еңбектің авторы, 10–нан астам авторлық куәлік пен патенттің иегері. ҚР ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «КСРО жоғары мектебінің үздігі».

Негізгі ғылыми бағыты – машина динамикасы және аналитикалық механика есебін математика модельдеу, серпімді жүйелердің динамикасы мен тербелісі.

Әдебиеттер:

Уәлиев Ғахип // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 706 б.

Ғахип Уәлиев: [Механик–ғалым, академик Ғ. Уәлиев 82 жасында дүниеден озды] // Egemem Qazaqstan. – 2023. – 22 тамыз. – 15 б.

15 қараша

Петр Васильевич Пешиннің
туғанына 100 жыл (1926-2002)

Даңқ орденінің толық иегері (1945-1957). Ресейдің Пермь облысы, Осипов ауданы Кашкар ауылында туған. Жеті жылдық білімі бар. 1943 жылы әскер қатарына шақырылған. Полк командирлері курсын бітірген. Ефрейтор, одан кейін 1-атқыштар батальоны 424 атқыштар полкі құрамындағы 18-атқыштар дивизиясының сержанты болды. Карелия, 2-Беларусь және 3-Балтық жағалауындағы соғыста ерекше көзге түскен. Карелия, Балтық жағалауы мен Беларусьте ұрыстарға қатысқан. Екі мәрте жараланған. Әскер қатарында 1953 жылға дейін болып, әскер қатарынан босатылған соң, Пермь облысында трактор жүргізушісі болған. 1955 ж. Павлодар облысына тың игеру жұмыстарына келген. Ертіс элеваторында, 1959 жылдан Павлодардағы №25 басқармаға қарасты жол жөндеу құрылысында бульдозерші болып істеген.

5 орденмен және медальдармен марапатталған. Ардагер тұрған үйге мемориалды тақта орнатылған (1995). Павлодар қаласының Құрметті азаматы (1985), Жеңіс алаңында Пешиннің кеуіті орнатылған.

Әдебиеттер:

Петр Васильевич Пешин // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 / Павлодарлықтар Кеңес Одағының Батырлары және үш дәрежелі Даңқ орденінің толық Кавалерлері = Звезды нашей Победы. 1941-1945 / Герои Советского Союза и Кавалеры ордена Славы трех степеней – павлодарцы: Биобиблиографиялық көрсеткіш – библиографический указатель. - Павлодар: ИП «Шленская О.А.», 2010. - 31 б.

Пешин Петр Васильевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 605 б.

Мерген барлаушы: ["Даңқ" орденінің толық кавалері П. В. Пешин жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 26 қараша. - 12 б.

6 желтоқсан

Валерий Васильевич Яциктің
туғанына 80 жас (1946)

Суретші, график, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Павлодарда туған. 1968 жылы Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. Оның ұстаздары белгілі қазақстандық суретшілер А. Ғалымбаева, М.Г. Калимов, Б.П. Пак болды. Тушь, қаламмен графика саласында, монументалды өнерде жұмыс істейді. 1968 жылдан облыстық, республикалық, бүкілодақтық көрмелердің қатысушысы. 1981 жылдан КСРО Суретшілер одағының мүшесі. Яциктің суреттері сызықтың үлкен мағыналық және тіпті драмалық жүк арқалайтын абстракцияланған бейнелерді көрсетеді.

Негізгі жұмыстары: «Алюминий зауыты» графикалық сериясы (1976), «Егін ору» сериясы, «Торайғыров көлеңкесі» атты оймыш гравюлар сериясы (1979), «Уездік қала Павлодар» атты түрлі түсті оймыш гравюралар сериясы (1984). Күрделі жұмыстары: «Мелодия» дүкенінің холы (1976), Медициналық колледж асханасын әшекелеу (1977).

1990 жылдан Санкт–Петербургте тұрып, жұмыс істейді.

Әдебиеттер:

Яцик Валерий Васильевич // Ертістің Павлодар өңірі:энциклопедия. – Алматы, 2013. – 754 б.

12 желтоқсан

Елеуке Тәтінұлы Қалдановтың
туғанына 115 жыл (1911–1992)

Педагог, ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі, ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі. Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Галкино ауылында туған. 1930 ж. Семей кооператив техникумын, 1955 ж. Семей педагогикалық институтын бітірген. 1930–1935 жж. Шығыс Қазақстан облысы аудандарындағы әділет органдарында, 1935–1938 жж. денсаулық сақтау және баспасөз органдарында қызмет еткен. 1939 ж. Павлодар қаласындағы № 10 Абай атындағы орта мектептің мұғалімі, 1939–1941 жж. Ақсу қалалық әкімдігі аумағы, Лебяжье, Май аудандарының мектептерінде директор, 1941–1944 жж. Галкин және Лебяжье аудандарындағы аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1944–1956 жж. Павлодар облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1956–1969 жж. Ленин атындағы орта мектептің директоры, 1969–1972 жж. Павлодар қаласындағы № 7 кешкі мектеп директоры. Бірнеше медальдармен және төс белгілерімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Қалданов Елеуке Тәтінұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 429 б.

15 желтоқсан

Ханиса Қанышқызы Сәтбаеваның
туғанына 105 жыл (1921–2016)

Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, № 4 ауылында туған. 1943 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтын үздік бітіріп, сол жерде жұмыс істеді. 1943 жылдан қалыпты физиология кафедрасының ассистенті, 1949 жылдан доценті. 1979–1981 жж. Қазақ медицина институтының емдеу факультетінің деканы. 1979 жылдан 1999 жылға дейін ҚазММИ–дің қалыпты физиология кафедрасының меңгерушісі. 1999 жылдан С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің валеология курсының меңгерушісі. 12 жыл бойы емдеу факультетінің деканы болды. Оның жетекшілігімен 3 докторлық және 8 кандидаттық диссертация қорғалды. Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындарында валеология курсын ұйымдастырушы.

Оның 200–ден астам ғылыми еңбегі, соның ішінде «Бүйректен тыс осморегуляция механизмдері» монографиясы, «Адам физиологиясы» оқулығы жарық көрді. Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. 2016 жылғы 11 маусымда қайтыс болып, Алматы қалалық орталық зиратында жерленген.

Әдебиеттер:

Сәтбаева Ханиса Қанышқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 644 б.

Айтмұхамбетова Б. Қаныштың жомарт ұрпағы: [Академик Қ. И. Сәтбаевтың қызы медицина ғылымының докторы Хайниса туралы] // Ана тілі. – 2021. – 16 – 22 желтоқсан (№ 50). – 8 б.

16 желтоқсан

Раушан Әбікейқызы Сәтбаеваның
туғанына 110 жыл (1916–1986)

Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Павлодарда туған. 1939 жылы Шымкент медицина институтын бітірген. 1939–1941 жж. Алматы қаласында дәрігер, 1941–1963 жж. Алматы мемлекеттік медицина институтының госпитальдық хирургия клиникасының ординаторы, ассистенті, доценті. 1963–1979 жж. Қазақ онкология және радиология институтының аға ғылыми қызметкері, жалпы онкология хирургия бөлімінің меңгерушісі.

Екбектерінің көпшілігі онкологиядағы хирургия мәселелеріне және қылтамақ ауруының ерекшеліктеріне арналған. «Рак пищевода в Казахстане» монографиясының авторы.

Әдебиеттер:

Сәтбаева Раушан Әбікейқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 644 б.

16 желтоқсан

Қобыланды Әлімханұлы Шәкіровтің
туғанына 80 жас (1946)

Самбодан КСРО спорт шебері, еркін күрестен халықаралық дәрежедегі төреші, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Ертіс ауданының құрметті азаматы, еркін күрес және қазақша күрес спорт мектебінің жаттықтырушысы. Павлодарда туған. 1999 жылы Шакировка еркін күрестен жоғары санаттағы жаттықтырушы атағы берілді. Медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Шәкіров Қобыланды Әлімханұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы, 2013. – 734 б.

25 желтоқсан

Әбікен Бектұрұлы Бектұровтың
туғанына 125 жыл (1901-1985)

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Бектұров Әбікен Бектұрұлы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келді. Қазақстандағы химия ғылымының ұйымдастырушыларының бірі, жалпы және бейорганикалық химияның негізін салушыларының бірі, химия және фосфор мен оның қосылыстары технологиясы саласында танымал ғалым. Омбы ауыл шаруашылық институтын (1931), Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасын (1935) бітірген. 1935-1960 ж. ҚазМУ-де оқытушы, декан, 1946-1968 ж. Химия ғылымдары институтының директоры, 1968-1985 ж. сол институттың бейорганикалық синтез

зертханасын және бейорганикалық химия бөлімінің меңгерушісі. Қазақстан Ғылым Академиясының Минералдық қор бөлімінің академия-хатшысы болды (1968-1985). Негізгі ғылыми еңбектері минералдық тыңайтқыштар өндіру мен минерал тұздарды өңдеудің химиясына және технологиясына арналған. Бектұров фосфатты шикізаттарды өңдеудің қышқылдық, термиялық, сондай-ақ, фторсызданған мал азықтық фосфат өндірудің циклондық әдістерін тауып, өндіріске енгізді, Қаратау фосфоритінен минералдық тыңайтқыштар өндіру әдістерін жүйеледі. Ленин, “Октябрь революциясы”, “Құрмет белгісі” ордендерімен және медальдермен марапатталған. 1991 жылдан Қазақстан Химия ғылымдары институты Бектұровтың есімімен аталады. Ә.Б. Бектұровтың есімімен Павлодар қаласында көше аталған.

Әдебиеттер:

Бектұров Әбікен // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 1999. - 2 Т. - 261 - 262 б.

Бектұров Әбікен // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 241 - 242 б.

Б. А. Бектұров // Қазақ елінің ғылыми тұлғалары= Лидеры науки земли казахской. - Павлодар, 2006. - С. 62 - 67.

Баянауылда туып, Қаратауды бағындырған: [Бектұров Әбікен] // Тұңғыштар / құрастырған Ш. Күмісбаев. - Алматы, 2007. - 172 - 173 б.

Әбікен Бектұров: [Қазақстанның химия ғылымының негізін салушы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ғалым Ә. Бектұров жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2018. - 26 мамыр. - 5 б.

Шодыр Н. Жас химиктер жарысқа түсті: [Облысымызда қазақтың көрнекті ғалымы, қазақстандағы химия ғылымының негізін қалаушы, жерлесіміз, академик Ә. Бектұровтың құрметіне арналған VI халықаралық химия олимпиадасы өтті] // Saryarqa samaly. - 2020. - 3 наурыз. - 3 б.

Қапанұлы М. Құрмет төрінде - қос тұлға: [ШПУ-де ғалым, археолог Ә. Марғұланнның бюсті мен академик Ә. Бектұров атындағы оқу аудиториясы ашылды] // Egemen Qazaqstan. - 2022. - 12 желтоқсан. - 12 б.

КҮНІ МЕН АЙЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН

Қазанғап Сатыбалдыұлының

туғанына 255 жыл (1771-1856)

Атақты би Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856 жж.) – 1843-1848 жылдары Баянауыл округінің аға сұлтаны, Бәсентінің руының белгілі биі болған. Өз заманында халық арасында дана, қайратты би ретінде танылды. Жергілікті басшылар Қазанғап арқылы қазақ рубасыларымен келіссөздер жүргізген.

Қазанғап Сатыбалдыұлы - Ертіс өңірін дамытуда, қазақтардың өндіріспен шұғылдануына үлкен үлес қосқан, Баянауыл округінің ашылуына ұйытқы болған адам.

Қалқаман көлінен тұз шығаруды ұйымдастырды. Осындай игілікті істері үшін кезінде халық Қазанғапқа «Би майор» деген атақ берген дейді.

1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлының қазасынан кейін көмекшісі Рамазан Қызылжар (Петропавл) мен Омбыдан күйдірген қызыл кірпіш пен ақ мәрмәр әкеліп, ақ күмбезді кесене салған және орнатылған ақ мәрмәр тақтаға бидің еңбегін жазғызған. Кеңестің қылышынан қан тамып тұрған уақытында кесене кірпіштері ауылдың құрылысына пайдаланылған. 2008 жылдың тамыз айында Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында Қазанғап Сатыбалдыұлына ескерткіш орнатылды.

Халық арасында сақталған аңызда Қазанғап өткір тілді, шындықты тура айтатын шешен адам болған дейді. Сондықтан бұл жөнінде: «Шоң би сөйлегенде, қара арғымақты суға батырады, ал Қазанғап сөйлесе, сол арғымақты судан алып шығады» дейді екен. Би Абайдың әкесі Құнанбайдың замандас досы болған. Қазанғап аталас Құнанбай мен Бөжейді татуластыру үшін екеуіне мынадай өлең жолдарын арнаған: Бөжей менен Құнанбай, Жүйріктің құландай, Шұбарлығың жыландай, Ағайынмен 26 ұстасып, Омбыда жаттың бірталай. Жеңемін деп жеңе алмай, Не бетіңмен келесің, Ел-жұртыңнан ұялмай. Ел жадында сөз ұстаған шешендігімен, өткір,

беттілігімен және ұлағатты істерімен қалған Қазанғап бидің жерленген жері де киелі орын болып белгіленді.

Әдебиеттер:

Қазанғап Сатыбалдыұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 421 б.

Ақбұзауов З. Қазанғап би есімі берілсе.: [Ленин кенті] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 4 ақпан. - 3 б.

Қосаяқов Б. Қазақтың Қазанғабы: [Қазанғап би Сатыбалдыұлы] // Сарыарқа самалы. - 2014. - 26 тамыз. - 8 б.

Демесінов М. Қазанғап би: Қазанғап би Сатыбалдыұлы (1771-1856) // Egemen Qazaqstan. - 2018. - 20 наурыз. - 7 б.

Молдайып С. "Аймақтың барлық тұрғыны атсалысуы тиіс": [Облыс әкімінің орынбасары М. Бегентаев аймақта "Рухани жаңғыру" бағдарламасы бойынша атқарылған ішаралар барысы мен алдағы уақытта қолға алынатын міндеттемелер туралы баяндама жасады] // Сарыарқа самалы. - 2018. - 15 мамыр. - 2 б.

Қазанғап бидің жерленген жері: [Киелі орындар санатына енген Қазанғап Сатыбалдыұлының ескерткіші] / әзірлеген С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2018. - 23 маусым. - 7 б.

Жайықбаев Н. Еліне пана болған би Қазанғап: Қазанғап би Сатыбалдыұлы (1771-1856) // Saryarqa samaly. - 2019. - 15 тамыз. - 14 - 15 б.

Нұрбай Қ. Ж. Қазақтың ұлы тұлғасы: [Қазанғап би Сатыбалдыұлы жайлы] // Версия. - 2019. - 18 қараша. - С. 10.

Нұрбай Қ. Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы еді.: [Алаш қайраткері, ақын Қабыш Исаұлы Бердалининнің қызы Нүрән Исенова жайлы] // Saryarqa samaly. - 2020. - 15 қараша. - 10 б.

Демесінов М. Қазанғап би атауы әбден лайық: [Ленин кентіне Қазанғап би Сатыбалдыұлы есімін беру туралы ұсыныс] // Egemen Qazaqstan. - 2022. - 25 мамыр. - 15 б.

Қапанұлы М. Ленинсіз "Атамекен": [Ленин кенті Атамекен деп аталмақ] // Egemen Qazaqstan. - 2023. - 4 мамыр. - 11 б.

Демесінов М. "Қазекен өткен екен кемеңгері...": [Мемлекет және қоғам қайраткері Қазанғап би Сатыбалдыұлы] // Saryarqa samaly. - 2023. - 17 қазан. - 6 б.

Демесінов М. Қазанғап бидің тапқырлығы: [Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, мемлекет және қоғам қайраткері Қ. Сатыбалдыұлы туралы] // Saryarqa samaly. - 2023. - 16 қараша. - 19 б.

Жарылғапберді Жұмабайұлының туғанына

175 жыл (1851-1914)

Халық композиторы, ақын-импровизатор, Қазақтың белгілі әнші-композиторы, суырып салма ақыны Жарылғапберді Жұмабайұлы 1851 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Арабша оқыған, шығыс поэзиясын жақсы білген. Жыр, қиссалар айтқан. Құс салып, саятшылық өнер кұған, балуан болған. Біржан салды ұстаз тұтқан.

Жарылғапберді Шыңғыс Уәлиханов пен Мұса Шормановтармен араласа жүріп, Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңірінде шыққан әндерді Баянауыл мен Ертіс бойына жеткізген. Шоқан Әулетіндегі қобызшы Қанғожа, әнші Қозыкемен дос болған. Сырымбет жерінен шыққан «Топайкөк» әні Жарылғапберді есімімен ел ішіне кең тараған.

Ақын кезінде ғашықтық әндерді көп шығарған. Ел аузында тек қана «Шұбартау», «Шама», «Қарагөз», «Ардақ» әндері сақталған. Бұл әндерді Балабек пен Сапарбай Ержановтар, Қ. Байжанов, Ғ. Айтбаев өте шебер орындаған.

Әдебиеттер:

Жарылғапберді Жұмабайұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2001. - 3 Т. - 596 б.

Жарылғапберді Жұмабайұлы // Қазақ өнері: энциклопедия. - Алматы, 2002. - 216 б.

Жарылғапберді Жұмабайұлы // Павлодар өңірінің ақын-жыраулары: библиографиялық анықтамалық / Ақыны-жырау Павлодарского Прииртышья: библиогр. справочник. - Павлодар, 2004. - 19 - 20, 74 – 75 б.

Жарылғапберді Жұмабайұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. - Алматы, 2013. - 337 б.

Тлеуова Т. Арқаның әнді ерттеп, күйді мінген әншісі - Жарылқапберді Жұмабайұлы: [Қазақ әнші-композитор Ж. Жұмабайұлының әншілік өнері жайлы] // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2016. - № 4. - 16 - 18 б.

Төлеутай Е. Жарылғапберді: [Баянауылдық әнші, композитор Ж. Жұмабайұлы туралы] // Egeмен Qazaqstan. - 2021. - 26 мамыр. - 13 б.

Артемий Иванович Деровтың туғанына 170 жыл (1856-1921)

